

ҚОҒАМ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУҒА БИЛІК НЕГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ?

3-бет



Мырзагелді КЕМЕЛ:

ИСЛАМ ӘБІШ МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮЛКІН ҚОРҒАУШЫ РЕТІНДЕ ТАРИХТА ҚАЛАДЫ

6-бет



ПОЧЕМУ МНОГИЕ РУССКОЯЗЫЧНЫЕ КАЗАХИ ПРОТИВ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ

12-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №48 (866), 2 jeltoqsan, 2019 jyl


# СОТҚА СОТ ЖОҚ ПА?

## немесе СУДЬЯ «ПАНДОРА-ЖАМАНДЫҚ» ЖӘШІГІН ҚАЛАЙ АШЫП ЖАТЫР?



Судья Қ.Мекемтастың сотты біржақты, тек айыптау тұрғысынан жүргізіп отырғаны бүгін анық дәлелденіп отыр. Ол заңсыз қаулы қабылдағанымен қоймай, шағым келтіре алатын қаулыға «шағым келтіре алмайсыңдар» деп, біздің қорғаушылық құқығымызды шектеп тастады.

Осыған байланысты біздің өзіне, судья Қ.Мекемтасқа Нұр-Сұлтан қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Ә.Шайхисламовқа сот кеңсесі арқылы беріп отырған қарсылығымызды сол судья Қ.Мекемтастың өзі қарап, «қарсылық беруге негіз жоқ» деп, қабылдамай тастады!..

7 бет



## ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, ТАРИХЫ ЕРЕН Шардара

Бір кездері «Шалқадан жатқан Шардараның» (М.Мақатаев) бүгіндері тебіреніп, тербеліп, шабыттанып жатқан жайы бар. Ресми түрде «Шардара» атауын иеленіп, жеке аудан болғанына жарты ғасырдан асқан шежірелі өлкенің масаттанатындай, мақтанатындай орны бар. Өйткені ауданның құрылғанына 55 жыл толса, аудан орталығының Абай селосынан Шардара қаласына, шағалалы шаһарға көшірілгеніне 50 жыл толып отыр.

8-9 бет



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ХАТ

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛМАҒАН АДАМДЫ ҚАЛАЙ СОТТАУҒА БОЛАДЫ?!.

«Қазақтың билері істі ар-ұятпен шешкен. Оларда кодекс болған жоқ. АҚШ сотында кодекс жоқ. Судья оларда – құқықтың мән-мағынасын түсіндіруші. Оның үкім шығарардағы құқықтық негізі – адамгершілік нормалар. Оның шешімі үлгілі (латынша – классикалық) болып шықса, басқа судьялар соған сілтеме жасап отырады».

6 бет



## ТҰҒЫРЫ БИІК ТУМАШЕВ

*Шардараның тұңғыш бірінші хатшысы Тілеуберген Тумашев туралы бір үзік сыр*

11 бет

# КОГДА ОСТАНОВИТСЯ ПРОДВИЖЕНИЕ «АРАБСКОГО» ИСЛАМА В РК?!



22 октября в Нур-Султане начался процесс в отношении 14 человек, вывезенных из Сирии в Казахстан и обвиненных в терроризме. В ходе процесса началось ознакомление с материалами дела, просмотр фото и видеороликов. В их числе показали жуткие фото, на которых запечатлен боевик из Казахстана на фоне лежащих на земле отрубленных голов неизвестных людей.

5 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫ ЖАҢА САТЫҒА КӨТЕРІЛЕДІ

**Қазақ-қырғыз қатынастарын дамытуға мүдделіміз, бауырлас екі ел арасындағы байланыстарды жаңа деңгейге көтеру үшін күш-жігерімізді біріктіреміз. Бұл туралы Бішкекке мемлекеттік іс-сапармен барған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәлім етті.**



«Бүгінгі бауырлас Қырғызстанға мемлекеттік сапарымның мән-маңызы ерекше. Мұның себебі баршамызға айқын. Ежелден біздің елдерімізді мызғымас достық байланыстар, тамыры терең ортақ тарих, тіл және мәдениет біріктіреді. Ата-бабалардан мирас болып қалған осы берік арқаудың негізінде екі ел арасындағы одақтастық пен стратегиялық ынтымақтастық дамып келе жатыр. Сондықтан, осы құндылықтарды есепке ала отырып, қазақ-қырғыз қатынастарын жаңа сатыға көтеру үшін күш-жігерімізді біріктіріп, жұмыс істейміз деп сенемін», – деді ҚР Президенті. Мемлекет басшысы қазақ-қырғыз өзара іс-қимылын жан-жақты дамытуға мүдделі екенін, оған қол қойылған Бірлескен декларация нақты дәлел болатынын, кездесу барысында тыңғылықты келіссөздер жүргізіліп, сауда-экономикалық байланыстарға айрықша назар аударылғанын атап айтты.

Іс-сапар барысында Қасым-Жомарт Тоқаев атақты қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың мұражайына барды. Сонымен қатар алдағы уақытта Қазақстан мен Қырғызстан өзара Мәдени күндері ұйымдастырылып, Бішкекте Абайға ескерткіш орнатылатын болды. Қазақ-қырғыз экспорттық-импорттық операцияларына арналған логистикалық орталығын құру мүмкіндігі де қарастырылды.

# ТІРШІЛІК НӘРІНІҢ ТАЗАЛЫҒЫ САРАЛАНДЫ

**Күн, су, ауа, жер – тіршілк төрттағаны екені ежелден белгілі. Ауа, су, жердің ластануына байланысты адам өміріне қауіп-катер туындайтынын біле тұра соны адамзат өз қолымен жасап жатқаны да жасырын емес. Бұл қазір әлемдік мәселеге айналып отыр.**



Еліміздегі су шаруашылығына қатысты түйткілдер жетіп артылады. Өндіріс қалдықтарымен өзен-көлдерімізді улау жиі орын алады. Онымен күрес айтарлықтай нәтиже беріп жатқан жоқ. Осыған байланысты сенатор Қайрат Қожамжаров өз пікірін білдіріп, еліміздегі ең таза өзендерді атады.

«Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, 139 су нысанының ішінен «нормативті тұрғыда таза» санатқа 3 өзенге – Атырау облысындағы Жайық, Қиғаш, Түркістан облысындағы Бөген өзені және Каспий теңізі енгізілді», – деді сенатор су қауіпсіздігі мәселесі талқыланған Парламент Сенатының отырысында. Оның айтуынша, 102 су нысаны (68 өзен, 17 көл, 14 су қоймасы мен 3 арық) «біршалыпты деңгейде ластанған» санатқа кіргізілген. «Жоғары деңгейде ластанған» санатта 16 өзен мен 14 көл бар. «Аса ластанған» санаттағы 3 өзен ретінде СҚО-дағы «Красноярка» өзені мен Ақмола облысындағы «Қылшықты», «Шағалалы» өзендері мен «Майбалық» көлі аталып отыр. «Судың ластануына барлық жағдайда өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтары, шахта мен кен орындарынан шығарылған қалдықтар себеп болып отыр», – деді ол.

# ВАКЦИНА САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

**Елімізде вакцинаға қатысты үлкен дау-дамай өрбігені белгілі. Сондықтан, ата-аналар балаларына екпе егуге қарсы шыққан кездер де болды. Осыған байланысты, Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығының бас директоры Арнұр Нұртаев еліміздегі вакцина сапасына қатысты пікірлерге жауап берді.**



«Біздің мемлекеттік реестрде вакцинаның 64 атауы тіркелген. Олар ең алдымен Бельгия, Франция, Нидерланды сынды Еуропа елдерінде және АҚШ, Ресей, Қытай, Үндістан, Корея, Израильде өндірілген. Сапасына келсек, вакциналарды тіркеуге аларда екі деңгейлі тексеруден өткіземіз. Бірінші кезеңде – тіркеуге келіп түскен барлық құжаттарға сараптама жүргізіледі. Екінші кезеңде – құжаттары тексерілген әрбір вакцинаға зертханалық талдау жасалады. Зертханалық талдау дегеніміз – үлкен процесс. Онда әрбір вакцинаның сапасы мен қауіпсіздігі жіті тексеріледі. Орталық Азия аумағында қазақстандық зертхана алғаш рет Еуропа директоратының зертхана сапасы бойынша аккредитациясын алды. Біздің зертхана жылына 3 рет сапа бойынша еуропалық директораттың аккредитациясынан өтеді. Еуропалық органдар біздің деректерімізге сенім артады. Тіркеуден өткен вакцинаның әрбір партиясы Қазақстан Республикасының аумағына кірерде міндетті сапа мен қауіпсіздік бағалауынан өтеді. Егер вакцина халықаралық ұйымдар арқылы алынса, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деңгейінде тексеруден өтеді», – деді А.Нұртаев. Қазіргі уақытта Қазақстан үшін ДДСҰ 20 вакцинаны қайта бекіткен. 20 вакцина 28 млрд. теңгеден астам сомаға сатып алынады және бір жасқа дейінгі 370 мың баланы қамтиды. Тіркеуден кейінгі бақылауды Фармациялық қадағалау жүйесі жүргізеді. Соңғы бір жарым жылда жанама әсер туралы 70 шағым келіп түскен. Бұл 70 шағымды тексеріліп, күрделі, ауыр оқиғалар анықталмаған.

# АДАМ КАПИТАЛЫ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

**Алматы қаласын дамытуға алдағы жылдары 2 миллиард доллар жұмсалады. Бұл туралы шетелдік инвесторлардың қатысуымен өткен форумда қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жария етті.**

Қаланың алдағы 30 жылға арналған жоспарымен бөліскен әкім бұдан былай қаланың тек орталығы ғана емес, шет аудандардағы тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасалуға тиісті. Алматының инвестициялық тартымдылығын арттыруға арналған форумға алыс-жақын шет елден 700-ге тарта іскер топ өкілдері қатысты. Олардың арасында ірі компания өкілдері де бар. Барлығы да Алматыға инвестиция салуға ниетті. Сондықтан, қала әкімі қалтасы қалың азаматтарға қандай салаға қаржы құюға болатынын айтып, жоспарларымен бөлісті. Оның айтуынша, шетелдік инвесторларға туризм саласы да тартымды. Былтыр Алматыға 1 миллионға жуық саяхатшы келген. Қазақстанға аяқ басқан шетелдіктердің 44 пайызы Алатауды бір көрмей кетпейді екен. Сондықтан, әкімдік осы саланы одан әрі дамыту үшін шаһарды үлкен кино алаңына айналдыру керек дейді. Қазірдің өзінде Алматыға кино, клип, деректі фильм мен жарнама түсіруге көптеген шетелдік студиялар келе бастаған. Оларға жағдай жасауға әкімдік жанынан арнайы ұйым құрылмақшы. Ол шетелдік және отандық кинокомпанияларға түсірілім жұмыстарын ұйымдастыруға көмектесіп, осы арқылы отандық кино саласын дамытады. Әдетте, қаланың дамуын тек биік ғимараттар, тегіс жол, бизнеске қолайлы жағдай деп түсінеміз. Алайда, Бақытжан Сағынтаев енді жас сазгерлер, әншілер, кино және театр әртістері мен ақын-жазушыларды да қолдауға күш салмақ. Тіпті, алдағы уақытта қаладағы барлық кітапханалар қайта жөндеуден өткізіліп, қосымша тағы бірнеше оқу залдары ашылатынын айтты. «Алматыда адам капиталын дамытамыз!», – дейді әкім.

# ҰЛТТЫҚ БАНК БЖЗҚ ҚАРЖЫСЫН ҚАЙДА ЖІБЕРІП ЖАТЫР?

**Қазақстанның Ұлттық банкі БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша 2019 жылғы қазанға арналған инвестициялық қызметке қысқаша шолуды салымшылар назарына ұсынды.**




2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі 10 564,4 млрд. теңгені құрады. Ақша қаражаты және теңгеге айналдырылған қаржы 6 949,8 млрд. теңге немесе 65,8%, шетел валютасына айналдырылған қаржы көлемі 3 614,6 млрд. теңге немесе 34,2% болды. 2019 жылы қазанда теңгеге айналдырылған зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі 192,03 млрд. теңгеге жетті. Оның ішінде – ҚР Қаржы министрлігінің жылдық 9,6% орташа алынған кірістілігі бар жалпы сомасы 12,88 млрд. теңгеге мемлекеттік бағала қағаздары (МБК), «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жылдық 11,5% кірістілігі бар 170,0 млрд. теңге тұратын облигациялары, ҚР ЕДБ арқылы 600 млрд теңге сомаға басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде 7,50 млрд. теңге сомасына «Альфа-Банк» ЕБ» АҚ-тың және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың жылдық 10,75% кірістілігі бар 1,65 млрд. теңгеге айналдырылған облигациялары сатып алынған. 2019 жылдың қазан айында шетел валютасымен көрсетілген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі 267,6 млрд. теңгені құрады. Есепті кезеңде жылдық 1,65% орташа алынған кірістілікпен 238,5 млрд. теңге көлемде АҚШ-тың қысқамерзімді МБК сатып алынды. Осы кезеңде Ресей, Филиппин, Перу, Индонезия, Мексика, Бразилия сияқты елдердің МБК-ын сатып алу туралы мәміле қарастырылды. Бұл мәмілелер нарықтық жағдайларда зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру мақсатында жасалды.

# АФРИКА СОЛТҮСТІККЕ КӨШІП КЕЛДІ

**Қызылжардың қақаған аязында тропикалық жемістер мол өнім беріп жатыр. Ботаникалық бақта банан мен лимон биыл солтүстік тұрғындарын ерекше таңғалдырды. Кезінде Кубаның ауыл шаруашылығы министрі сыйлаған екі түп ағаштан шыққан лимонның біреуінің салмағаның өзі бір келіден асады.**

Қызылжардағы ботаникалық бақтың құрылғанына бір ғасырдан асты. Сол уақыттан бері тропикалық жемістер биылғыдай мол өнім беріп көрмеген екен. «Биыл банан көп шықты. Бұл банан «Патшаның бананы» деген сортқа жатады. Өте тәтті. Біздің елде мүлдем сатылымда жоқ. Лимонның қос түп ағашы солтүстікке осыдан елу жыл бұрын жеткізілген», – дейді академик Равиль Рязапов. Ол кездегі жас пионер Равиль Рязаповқа оны Кубаның ауыл шаурашылығы министрі сыйлапты. Алғашқыда Қызылжарды жерсінбеген ағаш араға жарты ғасыр салып жеміс беріпті. Бір түйір салмағының өзі бір келіден асады. Сирек өсетін жеміс ағаштарының жерсінуі Африканың солтүстігіне қоныс аударғанымен бірдей болды дейді мамандар. Қазір ботканикалық бақ толық қайта жаңартылып жатыр. Жөндеу жұмыстарына 150 миллион теңге бөлінген.

№48 (866), 2 jeltoqsan, 2019 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Алматы қаласында «Haq Alany» қоры тұңғыш рет азаматтық бастамалардың «Real Haq Alany» жалпыұлттық Конгресін өткізді. Мұндағы негізгі мақсат – біздің бүгінгі саяси, экономикалық күрделі қоғамда маңызды бастамаларын көпшілікке ұсынып жүрген белсенді азаматтар мен ұйымдарды біріктіру. Конгреске ұтымды ұсыныстары бар азаматтар, үкіметтік емес қоғамдық ұйым басшылары, еліміздің болашағына бей-жай қарамайтын қала тұрғындары, БАҚ өкілдері қатысты.**

# ҚОҒАМ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУҒА БИЛІК НЕГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ?



Алдымен айта кетейік, бұл ұйым «қор», «қозғалыс» аталып, партия құрмақшы болғанын да білеміз. Сондықтан, белгілі бір байламға келгені дұрыс. Ал, шындап келгенде мәселе атауында емес, халыққа көрсетер нақты қызметінде, ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығында. Жиынды ашқан «HAQ» қозғалысының лидері, Азаматтық бастамалар коалициясының мүшесі Тоғжан Қожалиева конгрестің бүгінгі жұмысына еліміздің экономикалық жағдайы, оның ішінде әсіресе ауыл шаруашылығын дамыту, денсаулық сақтау, білім беру, қоршаған ортаны қорғау, руханият және мәдениет тақырыбы арқау етіліп отырғанына баса назар аударды. «Біздің қоғамда ынтымақтастықтың жоқтығы соншалық, адамдардың көбі бір-бірін түсінбейді, ой-пікірлерін қабылдамайды, сондықтан біздің мақсатымыз – достық сезім мен қарым-қатынастарды сезіну үшін оларды топтастыру, дұрыс ойды позитивтік арнаға бағыттау. Біздің елімізде барлығымызға жайлы қоғам құру үшін діни сенімімізге, ұлтымызға, жасымымызға, ұстанған идеямызға, мамандығымызға қарамастан бірігу керек», – деді Тоғжан Қожалиева.

Жиында түрлі тақырыпта әңгіме қозғалды. Қазіргі Қазақстан экономикасының қиын жағдайда екені ешкімге құпия емес. Шикізатқа негізделген өндіріс, импортқа тәуелділік, теңгеміздің құнының құлдырауы халықтың сатып алу қабілетін тым төмендетіп жіберді.Бүгінгі қарапайым тұрғындарымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы соны көрсетеді. Түйткілді мәселелер жетіп артылады, соның бәрі еліміздегі миллиондаған адамның көкейінде жүрген сұрақтар. Сондықтан азаматтық бастамалардың бірінші Конгресін өткізу барысында қозғалған мәселелер түптеп келгенде – Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасын қолдан келгенше жақсарту жайында болды. Қоғам қайраткері, меценат, «Болашақтың мектеп тұжырымдамасы» бастамалар тобының ұйымдастырушысы Марғұлан Сейсембай, Стратегиялық бастамалар орталығының әріптесі, экономист Олжас Құдайбергенов, табиғатты қорғау саласындағы қоғам қайраткері Ажар Жандосова, «KEGOC» АҚ экс-басшысы, табиғат жанашыры, қаржыгер Әсет Наурызбаевтар өз саласы бойынша тұжырымды пікірлерімен бөлісті. Әрине, бұл тақырыптағы әңгімелер жер-жерлерде, түрлі сала бойынша ұйымдарда, тіпті жоғары мінберлерден аз айтылып келе жатқан жоқ. Дәп содан нақты нәтиже шықты деп айта алмаймыз. «Баяғы жартас – сол жартас» күйінде қалып отыр. Дегенмен, қоғамдағы белсенді азаматтардың басын біріктіріп, ортақ ой мен құнды пікірлерді қоғам алдына, билік назарына ұсыну ешқашан да артықшылық етпейді.

Отырыста қозғалған мәселелердің бәрін тәптіштеп жатпай, мысал ретінде біреуіне ғана тоқтала кетейік. Біздегі ең осал салалардың бірі – білім саласы екені белгілі. Елдің ертеңі дәп осы болашақ ұрпақтың бүгінгі алар білім мен тәрбиесіне тікелей қатысты болғанмен оны өткен отыз жыл ішінде бір жөнге келтіре алмай-ақ қойдық. Отыз жылда жиырмаға жуық министрді ауыстырған білім саласының маңдайының соры бес елі екені баршаға мәлім. Жаңадан келген әрбір басшы «өз реформасын» тықпалап, бұл саланы тығырыққа тіреп бітті. Халық қалтасынан шыққан қаншама қаржы желге ұшқанмен солардың біреуі де заң бойынша жауапқа тартылмады. Жүз мың ұрлаған адам түрмеге қамалса, мемлекеттің миллиардтаған қаржысын нәтижесіз шашқан лауазымдыларға ешқандай шара қолданылмады. Сырттай қарағанда, сол «реформалар» білімді жастарды дайындау үшін емес, көбірек қаржы бөлгізіп, соны жолай тонау үшін жасалған сияқты. Ешқандай нәтиже бермек түгіл, білім саласын кері кетіріп жатқан соң оған дәп осындай баға беруге мәжбүрміз. Тіпті, оны мемлекетке, халыққа қарсы бағытталған қастандық, ұлтына жасалған сатқындық деп есептеп, осыған жауапты тұлғаларға қылмыстық іс қозғау керек еді. Өйткені мемлекетке қыруар шығын келтірді емес пе? Бірақ ондай нақты шараны Үкімет тарапынан осы күнге дейін көре алған жоқпыз. Керісінше «реформаторларды» басынан сипап, арқасынан қағумен келеді. Әрі кетсе қызметінен босатып, өзге бір жоғары лауазымға ауыстыра салады.

Конгресте алғаш сөз алған Марғұлан Сейсембай еліміздегі білім саласын жетілдіру жөніндегі өз пікірі мен жоспарын ұсынды. Марғұлан Қалиұлының айтуынша жалпы білім беру үкімет – ата-ана – оқушы арасындағы қарым-қатынас. Расында да солай, үкімет қаржы бөліп мүмкіндік жасайды, ата-ана баласын білімді, тәрбиелі етуге, ал бала білім алуға міндетті. Ал іс жүзінде бұл «үштік одақтың» соңғысы сырт қалған. Өйткені баланың ойымен ешкім есептесіп жатқан жоқ. Бәрін үкімет, оның ішінде Білім және ғылым министрлігі, одан қалды ата-анасы шешеді. Ата-анасы оқы десе оқыған болады, заңгер боласың десе бола салады. Баланың қандай арманы, қандай мақсаты бар, бұл туралы одан ешкім сұрамайды да. Демек жеткіншек үнемі жетекте жүр, өзіндік ойын, өзіндік озық пікірін білдіруге мүмкіндік бермейміз деген сөз. «Ынтасыз алған білімнің түбі – тығырық» деп есептейді меценат. Сондықтан, баланың оқуға деген ынтасын барынша арттыруды бірінші кезекке қоюды ұсынады ол.

Қазір бұрынғыдай мұғалімнен, ата-анадан қорыққанынан тәртіпті болып, жақсы оқу жоқ. Бүгінгі заңға жүгінсек, балаға ұрсып, қол көтерсең өзің сотталасың. Мұғалімдер оқушылардың алдында аяғының ұшымен жүретін жағдайға жетті. Сонда не істеуіміз керек? Марғұлан мырзаның айтуынша баланың өзінің білім алуға деген жеке қызығушылығы, ынтасы болғаны жөн. Капиталистік жүйені қалап, нарықтық қатынастарды таңдап алған екенбіз, осыған байланысты баланы материалдық ынталандыруға баса көңіл бөлу керек. Капитализм сөзінің түбірі – капитал, яғни ақша деген сөз. Бүкіл әлем соған мойынсұнып отыр, біз де одан бас тарта алмаймыз. Қазір білім саласында әрбір бала басына оны оқыту үшін жылына белгілі бір мөлшерде қаржы бөлінеді. Егер бала жақсы оқыса сол ақшаны балаға беру керек. Сонда бала өзінің де арамтамақ емес, жауапкершілігі бар ересек адамдай еңбек етіп жатқанын сезінеді, сөйтіп жанұясына кіріс әкеледі. Бұл әсіресе әлеуметтік жағынан нашар қорғалған отбасылары үшін үлкен көмек. Үлгерімі нашарлар озаттарға қарап жақсы оқуға тырысады. Білімді он жерден профессор берсе де баланың өзінің ынтасы болмаса оның бәрі бекер. Ұстаздар білімді ұсынушы ғана, оны қабылдау балаға байланысты.

Марғұлан Сейсембайдың ойынша біздің білім саласы олқылықтарға толы. ҰБТ-ны енгізу баланың білім деңгейін бағалауға мүлдем қауқарсыз. Ол санасы жетілмеген балаларға арналған білімін анықтау тәсілі ғана. Одан қалды сынып деген шартты өлшем. Бұл барлық оқушыларды бір қалыпқа түсіру, яғни бір сыныпқа қамау деген сөз. Озат оқушы білімді бола тұра өзімен жасты оқушылармен бір сыныпта неге жылдар бойы отыруы керек? Егер ондай оқушы орта білімді 11 емес, 6 жылда меңгерсе, арнаулы комиссия арқылы біліктілігін тексеріп, соған сәйкес мектеп бітіргені туралы құжат бергеніміз жөн. Өз жастылармен уақытын босқа өткізбей, білімін одан әрі көтеруге мүмкіндік жасауымыз қажет. Сол сияқты ол оқулықтардың сапасыз, оқу бағдарламаларының бүгінгі талаптарға сай еместігін де атап өтті. Оны құрастыруда көпшіліктің талаптары мүлдем ескерілмейтінін сынға алды. Бір елдің оқу бағдарламасын өзімізге енгізу үшін оның бізге сәйкестігін сараптау қажет. Бәлкім ол бағдарлама біздің деңгейімізден әлдеқайда төмен, немесе тым жоғары жатқан шығар. Сондықтан, біз алдымен өз мүмкіншіліктерімізді анықтауымыз керек, соған қарай жоспар құрғанымыз дұрыс.

Бұл ұсыныстардың жоғарғы оқу орындарында қолдануға болады дейді бірнеше оқу ордаларына демеушілік жасап жүрген белгілі меценат. Орайы келгенде айта кетелік, «Ақша бөлдіріп оны талантаржаға салатындардың орнына, өзі оқу орындарына демеушілік жасаған осындай азаматтарды министр етіп қойған дұрыс», – деген кейбіреулердің пікірін де естіп қалдық. Өзі де бизнесмен болғандықтан, жоғары білімді жас мамандардың көпшілігі өндірісте орын таба алмай жататынын айтты. Оған бірінші кезекте біліктіліктің төмендігі себеп болып жататын көрінеді. Әр университет әртүрлі деңгейде білім береді. Сондықтан, жоғары оқу орнын бітірген маманды арнаулы комиссия арқылы біліктілігін тексеріп, белгілі бір салада қызмет етуге жарамды екенін куәландыратын қосымша сертификат алуға міндеттеу қажет. Бұл жас мамандардың өз бетінше ізденіп, білімін жетілдіруге ықпал етеді. Бүгінгі жаһандану заманында әрбір мамандық иесі өз біліктілігін арттыруға тұрақты көңіл бөлмесе айналасы бір-екі жылдың ішінде ешкімге керек болмай қалады. Ізденіс болғанда ғана біздің өндірістерде білікті мамандар саны артады. Ол үшін алдында айтқанымыздай мамандарды ынталандыру шаралары тұрақты іске асырылуы қажет.

Біз Марғұлан мырзаның білім саласына қатысты ұсынысының кейбір тұстарын ғана айтып отырмыз. Жиналыс барысында оған сұрақтар да көп айтылды. БАҚ өкілінің бірі «Мақұл, бұл ұсыныстар өміршең, пайдалы деп есептелік. Сонда бұл бастаманы Сіз халықтың пікірімен санаспайтын Үкіметке қалай өткізіп, қалай іске асырмақсыз?» деген нақты сұрақ та қойылды.

Шынында да бұл өткір мәселе. Осыған ұқсас форумдарда көпшілік тарапынан талай құнды бастамалар мен ұсыныстар айтылып келе жатқаны белгілі. Бірақ солардың тым болмаса 10 пайызы да қабылданып, іске асқан емес. Тоңмойын атқарушы билік қоғам бастамаларын қолдаудың орнына үнемі теріс қарайды. Айталық сонау жылдары Алматы қаласында Ахметжан Есімов әкім болып тұрғанда «Көкжайлау шаңғы курорты құрылысы» бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Туған табиғатты талқандауға қарсы шыққан көпшілік жылдар бойы шерулетіп, ел президенті ауысқанда ғана оны тоқтатуға қол жеткізді. Көпшілікті айтасыз, қолында құзіреті бар депутаттардың да сөзі өтпейді. Жекешелендіру ережесіне өзгерту енгізу керектігі туралы «Ақ жол» партиясы Үкімет басшысына 2014, 2017, 2018, 2019 – жылдары қайта-қайта депутаттық сауал жолдап бұл аса маңызды мәселені осы күнге дейін шеше алмай отыр. Мұндай мысалдарды керек болса мыңдап келтіруге болады.

Байқап отырғандарыңыздай, еліміздің болашағына жаны ашитын, мына дамыған жаһандану заманына сай ұлтымыздың байлы-бақуатты өмір сүруін қалайтын азаматтар аз емес. Өкінішке орай, жоғары жақта оны естір құлақ жоқ. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» – деп дана халқымыз бекер айтпаған, биліктегі бес адамның басы алтын болса да көпшіліктен ақылы асып кетпейді. Сол үкіметте ондай ақылды, қарабасының қамын ғана күйттемейтін, ұлтына шынымен жаны ашитын адамдар отырса бүгінгі жағдай мүлдем басқаша болар еді. Біздің биліктегілер халықты топас топ деп қана біледі, сондықтан да қатардағы азаматтардың бағалы ұсынысын құлағына да қыстырмайды. Көпшіліктің кеңесін ескерсе өздері ақымақ болып, «беделдері» түсіп қалатындай көрінеді оларға. Сол себепті, бағалы ұсыныстарды саралап, құндыларын қолданысқа енгізу жоқ. Олардың пайымдауынша ақылды өздері ғана айтып, жүретін жолымызды солар ғана сілтеуі керек. Олай болса сол «ақылдылар» отыз жылда білім саласын неге биік деңгейге көтермеді, қарапайым адамдардың тұрмысын неге жақсартпады? Заң талабы бойынша билік халыққа мінсіз қызмет етуге міндетті екенін олар ұмытып кеткен. Мұны шектен шыққандық, халықты басыну деп бағалаған жөн.

Осыдан барып, «Қоғамдағы бағалы бастамалар билікке керек пе?» деген заңды сұрақ туындайды. Ұсыныстарымыз кәдеге аспаса несіне тыраштанамыз деген пікір қалыптасып, халықтың белсенділігі төмендейді. Күнделікті тәжірибемізде көріп отырғанымыздай билікке біреулердің ақылының түкке де қажеті жоқ, алдында айтқанымыздай өздері шетінен «данышпан». Олай болса, «кері әсер заңдылығы» бойынша қоғам тарапынан «Халыққа бұндай билік керек пе? – деген сұрақтың да туындауы әбден мүмкін ғой. Ондай пікірлер қазірдің өзінде айтылып жатыр. Сондықтан билік пен қоғам арасында ортақ тіл табысатындай жағдай қалыптастыратын уақыт жетті. Демократиялық қоғам құрып жатырмыз деп жаһанға жар салған соң, сол бізге жете алмай жатқан демократияның заңдылықтарын бәріміз қатаң сақтауымыз қажет. Оны билік те, қарапайым халық та жақсы біледі, оған үйретудің қажеті жоқ. Ең бастысы, билік тарапынан соған деген таза ниет керек, бізде жетіспей жатқаны да сол емес пе?..

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# «АК ЖОЛ»: РАССЛЕДОВАТЬ ВОЗМОЖНЫЙ ЦЕНОВОЙ СГОВОР ОПЕРАТОРОВ СОТОВОЙ СВЯЗИ!

**Депутаты «Ак жола» просит провести расследование на предмет возможного ценового сговора операторов сотовой связи Activ, Kcell, Beeline: в этом году они перешли на новый тарифный план, согласно которому абонентская плата взимается раз в 4 недели, т.е. оплата в течение года не 12, а 13 раз. Соответствующий депзапрос фракции озвучила 19 ноября Екатерина Никитинская на пленарном заседании Мажилиса.**




## ЗАМЕСТИТЕЛЮ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА РК СКЛЯР Р.В.

Уважаемый Роман Васильевич!

Сотовые операторы Activ, Kcell, Beeline в этом году перешли на новый тарифный план, согласно которому абонентская плата взимается один раз в 4 недели, хотя ранее она уплачивалась один раз в месяц. В результате каждый пользователь теперь совершит оплату в течение года не 12, а 13 раз. Фактически произошло скрытое повышение тарифов на услуги более чем на 8%.

Изменения были проведены сотовыми операторами в одностороннем порядке и без должного оповещения пользователей.

Данная ситуация стала возможной в результате наличия правового пробела в Правилах оказания услуг сотовой связи, утвержденных приказам Министра по инвестициям и развитию РК от 24 февраля 2015 г. № 171, в которых пунктом 26 оператору сотовой связи разрешено самостоятельно формировать перечень тарифных планов, акционных предложений, объемы включенных услуг, тарифы, а также условия и сроки их действия.

Несмотря на то, что статьей 10 Закона «О защите прав потребителей» предусмотрено право потребителя на получение полной и своевременной информации о товаре, работе, услуге, а статьей 8-1 продавцу запрещено в одностороннем порядке изменять и (или) расторгать договор без соблюдения норм Гражданского кодекса, как показывает практика, эти нормы не работают. Реализация прав потребителей затруднена отсутствием соответствующего процессуального механизма. В результате суды отказывают в рассмотрении данной категории дел по чисто формальным основаниям.

Уполномоченному органу в лице Комитета телекоммуникаций Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК также сложно осуществить свои регуляторные полномочия. Хотя Правилами об оказании услуг сотовой связи (пункт 26) и предусмотрено, что операторы должны доводить тарифные планы и иные сведения до абонентов доступными им средствами, в действующем законодательстве не установлена ответственность за нарушения таких прав пользователей.

Обращает на себя внимание и тот факт, что изменение тарифных планов у операторов произошло практически единовременно. В настоящее время на рынке мобильных операторов фактически возникло доминирующее положение компании «Казахтелеком». Под ее контролем находятся 2 оператора из 3, т.е. 60,4% казахстанского рынка.

В прошлом году Комитет по регулированию естественных монополий, прав потребителей и защите конкуренции Министерства национальной экономики Казахстана согласовал сделку АО «Казахтелеком» по покупке контрольного пакета акций Kcell. Эта ситуация накладывает на Министерство национальной экономики дополнительные обязательства по регулированию рынка. Тем более что введение новых тарифных планов по самым скромным подсчетам будет приносить операторам дополнительные доходы порядка 38-55 млрд. тенге в год.

На основании вышеизложенного, фракция ДПК «Ак жол» просит Вас поручить:

1. Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК внести необходимые изменения в Правила оказания услуг сотовой связи и разработать совместно с компетентными государственными органами эффективный механизм правовой защиты пользователей услуг.

2. Министерству Национальной экономики РК:

- провести специальное расследование на предмет возможного ценового сговора операторов,

- продиагностировать сложившуюся ситуацию на рынке телекоммуникаций в целом и разработать специальную программу действий по наращиванию конкуренции в данном сегменте рынка.

- обеспечить меры по направлению преобладающей доли доходов операторов дополнительно получаемых в результате скрытого роста тарифов на реализацию программы «цифровой Казахстан» в части обеспечения доступа к Интернету сельских населенных пунктов.

**С уважением,**
**депутаты ДПК «Ак жол»**

# СКОЛЬКО ДЕНЕГ ИЗ НАЦФОНДА И ЕНПФ БАНКИ НАПРАВИЛИ НА КРЕДИТОВАНИЕ БИЗНЕСА, А СКОЛЬКО – ВЛОЖИЛИ В НОТЫ НАЦБАНКА?

## ПРЕДСЕДАТЕЛЮ НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА РК ДОСАЕВУ Е.А.

**Депутаты «Ак жола» просят сообщить, сколько денег из Нацфонда и ЕНПФ банки направили на кредитование бизнеса, а сколько – вложили в ноты Нацбанка. Соответствующий депзапрос фракции озвучил 13 ноября Ерлан Барлыбаев на пленарном заседании Мажилиса.**

Уважаемый Ерболат Аскарбекович!

Одной из важнейших составляющих экономики, наряду с производственной и торговой сферой, является банковская система. В ситуации глобальных кризисов банковская система подвергается особому риску, так как через неё происходит взаимодействие различных секторов экономики, а кризисные явления, начавшись в одной отрасли, распространяются по другим секторам. Этим продиктовано особое внимание государства к банковской системе и выделение значительных средств на её поддержку в периоды глобальной нестабильности.

Так, 13 октября 2008 г., в разгар мирового экономического кризиса 2007-2010 гг., на расширенном заседании правительства было заявлено о выделении 10 млрд. долларов из Нацфонда, из которых около 4 млрд долларов было направлено на финансирование четырех крупнейших банков (Народный, Казкоммерц, Альянс-банк и БТА).

В дальнейшем эти меры поддержки неоднократно повторялись до последнего времени. Например, в 2017 г. пяти крупнейшим банкам – Евразийскому, АТФ, Цеснабанку, Банку ЦентрКредит, Bank RBK – выделена господдержка в размере 650 млрд тенге, и т.д.

И это не считая других мер поддержки, включая налоговые льготы, субсидирование процентных ставок бизнесу, конечным выгодополучателем по которым выступают те же банки, и т.д.

При этом общество справедливо полагало, что госсредства выделяются коммерческим банкам не для их собственного обогащения, а для перезагрузки функций банков по финансированию и кредитованию экономики. И наиболее адекватным индикатором здесь выступает кредитование юридических лиц, так как реальная экономика опирается на предприятия с определёнными параметрами производственных мощностей и количеством занятых.

Повсеместно отмечаемый рост потребительского кредитования, синхронно с падением кредитования производств, означает лишь поддержку иностранных производителей, усиление импортозависимости рынка и ослабление национальной валюты.

Между тем, несмотря на всевозможные госпрограммы и всемерную поддержку банков последние 10-12 лет, кредитование юридических лиц банками второго уровня в прошлом году упало до анти-рекордных 22% к ВВП.

Для сравнения, в стабильных экономиках этот показатель не менее 60%, а в развитых странах, как Германия, Канада, Сингапур, – доходит до 200%.

В то же время, по некоторым данным, постоянно растут объёмы приобретения банками второго уровня нот Нацбанка, что говорит о наличии свободных средств, и, одновременно – отсутствии заинтересованности БВУ и самого Нацбанка в кредитовании экономики.

По данным экспертов, эти заимствования производятся Нацбанком для целенаправленного изъятия свободных средств у БВУ для снижения рисков инфляции.

Но куда большее давление на инфляцию оказывает дороговизна импортируемых товаров в условиях, когда собственное производство сдерживается отсутствием кредитов.

В связи с вышеизложенным, депутатская фракция ДПК «Ак жол» просит предоставить ответы на вопросы:

1) Сколько денег было выделено из разных источников, включая Нацфонд и ЕНПФ, на поддержку банковского сектора начиная с 2008 г. по настоящий момент?

2) На какую чистую сумму банки второго уровня выдали кредитов юридическим лицам, а также МСБ за тот же период, без учёта начисленных на них процентов, штрафов и пеня?

3) На какую сумму БВУ закупили ноты Нацбанка РК в эти же годы?

4) Какую долю составили эти статьи (кредитование бизнеса и приобретение нот Нацбанка) в общей сумме полученной банками господдержки?

5) Как оценивается эффект от государственной помощи банкам второго уровня в ежегодном росте ВВП Казахстана и каков вклад банковского сектора в формирование доходной части бюджета?

**С уважением,**
**Депутаты фракции ДПК «Ак жол»**

# II ЭТАП КОНКУРСА «СВЕТЛЫЙ ПУТЬ АЛАША В XXI ВЕКЕ»

23 ноября в Таразском госуниверситете им. М.Х. Дулати состоялся II этап общенационального конкурса «Светлый путь Алаша в XXI веке», организованный партией «Ак жол». В мероприятии приняли участие ученые, представители партии «Ак жол», СМИ, преподаватели и студенты вузов.

Советник председателя партии «Ак жол» Амантай Шарип и ученый алашевед Каирбек Кеменгер пожелали участникам удачи.

Цель конкурса – изучение и пропаганда политического опыта, экономического положения и духовного наследия движения Алаш в контексте модернизации казахстанского общества. 27 участников из всех регионов Казахстана соревновались в 3 номинациях: «Актуальность идей государственности для народа Алаша в современном казахстанском обществе», «Принципы Алаша и модернизация национальной экономики и социальной сферы» и «Место духовного наследия Алаша в изучении достижений Великой степи».

По выбору жюри в номинации «Актуальность идей государственности для народа Алаша в современном казахстанском обществе» Уалиев Талапкер из Кокшетау, Сансызбай Жадыра из Туркестана, Туржанова Сайрагул из Атырау, из Талдыкоргана Айнур Толеу и из Тараза Рахат Тобаджанов были награждены специальным призом. Так же в номинации «Принципы Алаша и модернизация национальной экономики и социальной сферы» работы Рымкуловой Айкумыс, Идаева Жалгаса, Кенжебека Серженулы из Актау, из Павлодара Шарапата Татиш были признаны лучшими.

Талап Шимирбаев, Гульнур Бекбай из Тараза, Динара Сисенова из Уральска, Мустафа Шохаев из Актау и Гульден Амангельдикызы из Караганды были награждены в номинации «Место духовного наследия Алаша в изучении достижений Великой степи».

Дуйсенбеков Еркебулан, Абеу Баглан, Сарсен Башембаев, Айгуль Утемис, Рамазан Абильдос из Алматы, Нуржанова Айгерим из Семей, Туткыш Айдана из Караганды, Жангелди Токтамуратов, Райгуль Хазиреталикызы из Шымкента, Тамерлан Канат из Нур-Султана были допущены к финалу. Стоит отметить, что этот конкурс традиционно проводится в 8-ой раз. Ранее проводились в Семей, Алматы, Костанай, Караганды и Актобе.

Финал конкурса состоится в декабре в Нур-Султане.

*Пресс-служба «Ак жола»*

№48 (866), 2 jeltoqsan, 2019 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# КОГДА ОСТАНОВИТСЯ ПРОДВИЖЕНИЕ «АРАБСКОГО» ИСЛАМА В РК?!

**22 октября в Нур-Султане начался процесс в отношении 14 человек, вывезенных из Сирии в Казахстан и обвиненных в терроризме. В ходе процесса началось ознакомление с материалами дела, просмотр фото и видеороликов. В их числе показали жуткие фото, на которых запечатлен боевик из Казахстана на фоне лежащих на земле отрубленных голов неизвестных людей.**



### КАЗАХСТАНЦЫ ВОЕВАЛИ ЗА ХАЛИФАТ

В связи с этим судом в социальных сетях развернулись дискуссии: стоило ли возвращать боевиков на родину?! Ведь это не просто «салафиты», но и боевики, военные преступники. Кстати, они предпочли тюрьму вместо «халифата» в Сирии. Есть ли от них угроза нашей стране – ведь они выйдут когда-нибудь на свободу после осуждения? По какой причине такой вопрос не обсуждался в правительстве перед возвращением боевиков?

Недаром некоторые страны решили не возвращать своих граждан из зоны боевых действий в Сирии. По логике жизненной ситуации, они должны были остаться там, куда сами выехали.

Вся эта история с «халифатом» ИГ вызывает настороженное отношение общества и государства: по каким причинам у нас появились его радикальные сторонники? Немало наших мусульман, нередко с семьями, разными путями оказывались в зоне боевых действий. По официальным данным, с момента начала войны на Ближнем Востоке в Сирию и Ирак уехали около 800 наших граждан. А сколько их реально там было, сколько погибло – никто точно не знает.

Ведь радикализация наших граждан произошла не где-то за рубежом, а у нас. Значит, для этого процесса были и есть соответствующая среда, литература, мечети, имамы. Об этой проблеме я пишу с 2008 г.: нельзя готовить наших имамов в арабских странах, где они могут изучить радикальные течения ислама и распространить в Казахстане. «Салафизм», «ваххабизм», «арабский» ислам у нас появились не сами по себе.

Например, до 2000 г. эти и другие радикальные течения у нас были малоизвестны. Об этом рассказал в интервью «Каравану» первый муфтий Ратбек кажы Нысанбаев, который противостоял проникновению к нам сомнительных миссионеров. «Вначале мы беседовали, но после завершения разговора я обычно просил показать документы. Не все могли это сделать. А поскольку я был знаком со многими религиозными деятелями мира, обращался к ним с просьбой проверить данные того или иного человека. После такой проверки эти миссионеры, как правило, быстро уезжали из Казахстана. Знаю, что многие из них оседали в Таджикистане, Чечне, Кыргызстане и даже Узбекистане. И мы все знаем, какие события там происходили. Иначе говоря, мы не дали лжемиссионерам развернуться у нас», – сказал первый муфтий.

А вот как раскрыл «проблему хиджаба» Ратбек кажы Нысанбаев: «Арабское слово, означающее «покрывало». Там и мужчины кутаются, и женщины. Еще до ислама арабы так ходили. После они стали мусульманами, но продолжали носить ту же одежду. Эта одежда не имеет никакого отношения к исламу, а связана с климатом, погодой, чтобы лица не обгорели на солнце. Что касается никаба, паранджи, они защищают женщин от сглаза. И к религии это тоже не имеет отношения».

И его взгляды на «женскую проблему» соответствуют традиционной культуре: «И если говорить о воспитании, нужно вспомнить, что мы с дочерьми, сестрами обращались очень хорошо. Они росли свободными. Вспомним, что у казахов есть игра «Кыз-куу», когда всадник должен догнать девушку на коне. Если он этого не сумеет сделать, она может отхлестать его плеткой. Наши девушки росли вольно, потому и отличались воинским духом».

### ОСОБЕННОСТИ НЕОРТОДОКСАЛЬНОГО «СТЕПНОГО» ИСЛАМА

Например, у нас толерантный «степной» ислам органически сосуществовал с тенгрианством, с традиционной культурой и образом жизни; в условиях кочевой жизни мечетей было мало – они были в городах. В течение веков между ними был достигнут удачный симбиоз, без войн и потрясений многие элементы тенгрианства, доисламские обычаи, особенности образа жизни вошли в «степной» ислам, в том числе вера в Аруахов, почитание предков, природы, свадебные, погребальные обряды, открытое лицо женщин и др.

Корни национальной музыки, эпоса, устного народного творчества, изобразительного искусства, архитектуры, одежды и т.д. имеют доисламское происхождение. И они не только дошли до наших дней, но получили развитие и распространение, а исламские мотивы в литературе и искусстве очень слабы.

Как и относительное равноправие мужчин и женщин: вспомните хотя бы айтысы между ними (например, Дина Нурпеисова участвовала в айтысах наравне с мужчинами), игру «Қыз қуу», не говоря о девушках-батырах. Жизнь в юрте, где не было «мужской» и «женской» половины, и общий прием пищи вокруг круглого дастархана говорили о равноправии мужчины и женщины.

Не говоря о Кодексе РК «О браке и семье», где законодательно закреплено равноправие супругов.

Об этом надо помнить всем: имамам, депутатам, госслужащим, педагогам, идеологам и т.д. Еще в начале XX в. казахи шли в бой с именами своих предков, Аруахов. Те же мазары, против которых ополчились исламисты, имеют корни в древних курганах. Ныне участились случаи похорон в день смерти, как принято в арабских странах из-за жары, а торжества проводятся без музыки и танцев. Под категорию «харам» подпадают многие виды искусства, традиции. Например, те же қонақасы (в значении «поминальная трапеза»), ас, беташар, жеті нан, казахская музыка, национальные игры и т.д.

Особенности «степного» ислама принимали и учитывали во всем мусульманском мире – это выразилось, в частности, в признании учения известного из суфиев Ходжа Ахмет Яссауи, который способствовал «примирению» ислама с тенгрианством.

В нашем регионе исламская религия исторически была основана на ханафитском мазхабе, который либерально относился к местным традициям, был очень гибким, перенимая доисламские особенности, то есть не был ортодоксальным. В этом отношении «степной» ислам уникален.

В Степи девочки и девушки ходили с непокрытой головой – покрывали после замужества. Для них были специальные украшения, которые издавали мелодичные звуки: их издавали шолпы (накосное украшение), шашбау (височное, накосное украшение) – своеобразные металлические подвески для кос молоденьких девушек. В прохладное время для девушек предусматривались головные уборы двух типов: тюбетейка «такия» и теплая шапка с меховой опушкой – «борик». Такую тюбетейку девушки носили до самого замужества. Женский головной убор наподобие саукеле зафиксирован в древних источниках.

В данном контексте необходима государственная защита «степного» ислама, национальных интересов, национальной культуры, одежды и т.д., развитие местной традиции, а не просто запрет хиджабов в школах. «Арабский» или «чистый» ислам нивелирует этническое, национальное, поэтому его не устраивает казахские вековые традиции и обычаи, свобода, равноправие степной женщины и т.д.

### КОГДА НАШИ ИМАМЫ БУДУТ ОБРАЗОВАННЫМИ?

Популярность религии в стране не пошла на спад, но в связи с «самотеком» религиозной жизни со временем законы светского государства могут игнорироваться, как это случилось с обрядом «неке кию». В светском государстве теизм, атеизм, агностицизм и т.д. должен быть личным делом каждого, и на государственной службе, в учебных заведениях и т.д. это не должно проявляться, если, конечно, это не связано напрямую со служебной необходимостью. У нас же чиновник может заявить, что вторую жену разрешил Аллах.

В целом эксперты отмечают общее падение религиозности по всему миру. Атеистами являются 85% шведов, 80% датчан, 72% норвежцев, 65% японцев, 60% финнов, много атеистов и в Китае. Базой для развитой экономики большинства стран является высокий уровень развития образования и науки на основе атеизма. С давних пор известна связь развития науки, образования, производства с атеизмом.

К тому же отрицательная корреляция между IQ и религиозностью была выявлена в ряде исследований, в которых отмечена и следующая особенность: чем выше уровень образования респондентов, тем меньше среди них верующих.

И, наоборот, в большинстве стран с высокой степенью религиозности наблюдается низкий уровень развития экономики, образования, науки, например, в африканских странах – высокий уровень религиозности и низкий уровень экономики и образования.

В Японии, наоборот, низкий уровень религиозности и высокий уровень развития экономики, образования, науки. В этой стране есть традиционная религия – синтоизм, к которому японцы относятся уважительно, посещают храмы, но относятся, можно сказать, не как к религии, а как к традиционной культуре. И не случайно в Японии нет религиозных радикалов, законы страны – превыше религии.

Здесь уместно привести маленький отрывок из знаменитой речи премьер-министра Малайзии Махатхира Мухаммада на открытии 10-й сессии исламской конференции 16 октября 2003 г. о причинах отставания мусульманских стран в науке, технологиях, экономике и т.д.: «Но на половине пути развития Исламской цивилизации появились новые толкователи Ислама, которые стали учить тому, что приобретение мусульманами знаний означало лишь изучение исламской теологии. Изучение естественных наук, медицины и т.д. не поощрялось. В интеллектуальном смысле в мусульманском обществе начался регресс... Вместо этого мусульмане все более и более вовлекались в споры по незначительным вопросам, таким как: «соответствуют ли Исламу узкие брюки и кепки с козырьком», «следует ли разрешить печатные машинки» и «можно ли использовать электричество при освещении мечетей». Мусульмане проспали Промышленную революцию».

Т.е. мусульмане должны быть продвинутыми не только в теологии, но и в науке, образовании, медицине, технологиях и т.д. У нас же насчитывается около 3600 (!) мечетей, 84 из них пустуют. В то же время не построено ни одной большой библиотеки, научного центра, дома культуры, концертного зала и т.д., наука финансируется очень слабо, не развито собственное производство и т.д. В бедном ауле нет дома культуры, спортивного зала, библиотеки, школа – старая, но новая мечеть есть.

Если же послушать наших имамов, то их проповеди не отличаются глубиной. По этой причине молодежь нередко слушает «салафитов», зарубежных лекторов, ищет зарубежную литературу. Почему бы нашим имамам не брать информацию из богатой культуры, литературы Степи, эпоса, не говорить богатым языком жырау и акынов? Почему бы нашим имамам не учиться в обычных светских вузах страны (и за рубежом) и хорошо разбираться в науках, медицине, новых технологиях, как советовал Махатхир Мухаммад? Ведь лишь 20% имамов имеют высшее духовное образование. Иначе мы можем проспать и четвертую промышленную революцию, как проспали третью.

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ХАТ

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛМАҒАН АДАМДЫ ҚАЛАЙ СОТТАУҒА БОЛАДЫ?!.



**Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!**

ҚР Ауылшарушылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішевтің үстінен 2019 жылдың 14-наурызында А.Шәймерденов дегеннің арызындағы 2014 жылғы және 2018 жылғы екі эпизод (оқиға) бойынша қылмыстық іс қозғалып, екі түрлі айып тағылып, ол қамауға алынады. 2015 жылдан бергі тәртіп бойынша қылмыстық іс қозғалу үшін әр эпизод сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестрінде (СТБР немесе орысша ЕРДР) жеке тіркелуі тиіс. Тергеуші 1-ші эпизод бойынша мағлұматты реестрге тіркейді, ол іс қылмыс құрамы болмағаны себепті 30-шілде күні қысқартылады. Ал, 2-ші эпизод бойынша тіркелмей, ұмыт қалады, бірақ, алдын-ала тергеу ісі жүргізіле береді, ол бітіп, 14-қазаннан бері сот тергеуі жүріп жатыр. Оның тіркелмегенін қорғаушы М.Есқараев жақында байқап, **«қылмыстық іс қозғалмаған соң тергеуге де, сотта қарауға да болмайды, И.Әбішевтің ісі осы жерден қысқартылуы тиіс»** деп, сотқа өтініш түсіргенімен, судья оны қарау үшін кеңесу бөлмесіне де кеткен жоқ, «үкім шығарарда сот актісімен бірге қараймын» деп кейінге қалдырды...

**Құрметті Президент!**

Қорғаушылардың пікірінше, бұл – жай ғана заң бұзушылық емес, бұл – заң жүйесін түбірімен шайқайтын, жаман үлгі (прецедент) тудыратын өте қауіпті құбылыс. Судья мен прокурор «қылмыстық-процестік кодексте іс тіркелмеген жағдайда не істелуі керектігі жайында ешнәрсе жазылмаған» деуі мүмкін. **Біріншіден**, заң шығарушылар өмірде не боларының бәрін алдын-ала болжап білетін көріпкелдер емес, ал, **тергеуші істі тіркемей кетуі, судья мен прокурордың оған көз жұма қарауы мүмкін-ау деген жорамал** олардың ойына үш ұйықтаса да келмейді ғой! **Екіншіден,** осындай шектен шыққан оқиғалардан кейін барып заңдарға өзгеріс енгізілмей ме?

Сот процесінде орын алып отырған заң бұзушылық жалғыз бұл емес. Сөзіміз жалаң болмасын: «*Істі қарап жатқан судья Қ.Мекемтас Сот өндірісінің тілі – қазақ тілін білмейді. Біз оның қазақша білмейтінін дәлелдейік деп қарсылық берсек, ана тілінде екі сөздің басын құрай алмайтын А.Шаяхметова деген бір судья тағы келеді де: «Жоқ, ол қазақ тілін жеткілікті біледі» деп қайтадан тағайындап кетеді. «Тілден бөлек процесстік заң нормаларын да білмейді» деп шағым берсек, оны судья Мекемтастың өзі қарап, «сендердің өтініштерің қанағаттандырылмайды» деп өзі шешім шығарады*» – дейді қорғаушы Абзал Құспан.

Ол ол ма, сол судья А.Шаяхметова қаулы қабылдағанда сот құрамын дұрыс айтпай процестік заң бұзушылыққа барады, қаулыны сайтқа салғанда мәтінді түзетіп қойып, заңды тағы бұзады, ал, ол ертеңгі апелляциялық алқада осы жүргізілген сот тергеуін түгелдей заңсыз деп тануға негіз болуы мүмкін деп, қорғаушылар оған қарсылық білдірсе, «сіздердің маған қарсылық білдіруге хақыларыңыз жоқ» деп, бірақ, сөзін заңмен негіздеп, дәлелдей алмаса да кетпей отырып алады. Ал, судья Қ.Мекемтасқа неге қарсылық білдірілгенін өздері оған да қарсы қорғаушылардан сұрап, анықтай алмағанмен, судья А.Шаяхметова Қ.Мекемтастың өзінен ғана сұрап алып, «қарсылық көрсетуге негіз жоқ» деп қаулы қабылдайды. **А.Құспан: «Мен мынадай заң бұзушылықты 20 жыл қорғаушылық практикамда кездестірген жоқпын, тіпті не айтуды білмеймін» – дейді**. Судья сот залындағы бір де бір журналист бұған дейін ескерту алмаса да, прокурордың негізсіз, нақты кім тәртіп бұзғанын көрсетпеген дәлелсіз, жалпылама айтылған өтінішін қабылдап, журналистердің бейнеаудиожазба жүргізуіне тыйым салып тастады, сөйтіп, қалың халықты сот залында болып жатқан жоғарыдағыдай заңсыздықтарды тікелей бейнерепортажда өз көздерімен көріп, өз құлақтарымен есіту мүмкіндігінен айырды. Бұл шешім соттағы әділетсіздікті бүркемелеудің әрекеті ғана екенін айтып жатудың өзі артық болар. **Ал, осында жағдайдан хабардар етейін деп, арызын айтайын деп, бір топ қорғаушы мен журналист 2019 жылы 18 карашада Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановқа барсақ, соттың өкілі «сіздердің арыздарыңызды қарайтын бір де бір жауапты қызметкер бүгін жұмыста жоқ, қалалық сотқа барыңыздар» деп шығарып салды...**

Бұл жазғанымыз қылмыскердің амалын тауып, әділ сот құрығынан құтылып кетуі үшін жасалып отырған қадам емес. Мүлдем керісінше! Бүгінгі таңда куәлер сұралып біткен сотта **«айыптау жағынан келген 20-ға жуық куәгердің барлығы (А.Шаймерденовтің өзінен басқасы) Ислам Әбішевтің пайдасына жауап беріп, тергеушілердің қитұрқылықтарын әшкере етті»**,– дейді қорғаушы А.Құспанов. Тергеушілер жалған құжат (фальсификация) жасағаны жайлы (оның біреуі күдіктіні қамауға санкция алу үшін) – 2 өтініш, судьяға қарсылық (отвод) білдіру туралы – 3 өтініш, прокурорға қарсылық білдіру жайлы – 2 өтініш, жалпы 16.11.2019ж. дейін 23 өтініш білдірілгенмен, соның 18-і қанағаттандырылған жоқ, 2-і ашық қалдырылды.

**Құрметті Президент!**

Заң ғылымының докторы, профессор, ҚР Парламентінің екі шақырылымдағы депутаты Қабылсаят Әбішев: «**Қазақтың билері істі ар-ұятпен шешкен. Оларда кодекс болған жоқ. АҚШ сотында кодекс жоқ. Судья оларда – құқықтың мән-мағынасын түсіндіруші. Оның үкім шығарардағы құқықтық негізі – адамгершілік нормалар. Оның шешімі үлгілі (латынша – классикалық) болып шықса, басқа судьялар соған сілтеме жасап отырады»**, – дейді. И.Әбішевтің ісінің тіркелмеуі осындай прецеденттің нақ өзі.

Мен сізден ҚР Конституциясында жазылған «барлық биліктің бастауы – халықтың» бір өкілі ретінде жазықсыз жанның әділетсіз сот шешімінің құрбаны болып кетпей, іс әділдікпен шешілуі үшін әрбір судьяны жеке тағайындайтын ҚР ПРезиденті ретінде мына іске араласуыңызды талап етемін. Талабым біреу ғана: сотты әділ, қазақ тілін жақсы білетін судья жүргізсін. Біз сот процесінде жоғарыда бір шеті ғана көрсетілгендей, заңның белден басылуына қарап, оның артында И.Әбішевтің «1 трлн. бюджет теңгесін үнемдеуін» кешіре алмаған құдыретті тұлғалар тұр деп күдіктенуге мәжбүрміз. **Айыптау фактілерінің бәрі сотта жоққа шығарылып жатқан кезде, істің тіркелмеуі судья мен прокурорға абыройын сақтап, сыпайы түрде бұл тұйықтан шығып кетулеріне мүмкіндік туғызып еді.** Олар оған бара алмады, қолдарында тұрған мүмкіндікті пайдаланбады. Себебін, ашып айта алмасақ та, бәріміздің ішіміз сезіп отыр. Бұл хат сіздің қолыңызға жеткізілмеген күйі үкім шығарылатын болса, біз халықаралық соттарға жүгінетін боламыз. Онда еліміздегі сот билігі бар абыройынан айрылады, ол кезде өкінгенмен кеш болады.

**Енді ең болмаса Сіз қазақтың сот жүйесі әлем алдында қас масқара болуына жол бермеңіз.**

Бұл жалғыз менің ғана емес, бәріміздің де, қалың халықтың да талап-тілегі деп білемін. Сіз Конституция бойынша халық құқығының бұзылмуының кепілісіз. **«Әлем күйресе күйресін, бірақ, әділет салтанат құратын болсын»** деген көне римдіктер. Өйткені, әділдік күйреген жерде әлемнің ертелі-кеш бәрібір күйрейтініне көздері жеткен соң айтқан. **Одан бөлек «әділ патша тұсында өмір сүр» деген бабаларымыз.** Әділдік орнауы осындай жекелеген оқиғалардан басталады.

**Құрметпен,**
**Өмірзақ АҚЖІГІТ,**
**тәуелсіз журналист**

Мырзагелді КЕМЕЛ:

## ИСЛАМ ӘБІШ МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮЛКІН ҚОРҒАУШЫ РЕТІНДЕ ТАРИХТА ҚАЛАДЫ



Кеше, 26 қараша күні наурыздың 14-ші жұлдызында қамалған Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішевтің сотына қатысқаннан кейінгі хат:

Ислам інім!

8,5 ай болды, Сізді нақақ жаламен тергеу изоляторында ұстағалы.

Сізге тағылған айып – пара алуға оқталғаны деп аталса, оған ешуақытта келісетін себеп жоқ екенін Өзіңіз және білімді, білікті адвокаттарыңыз дәлелдедіңіздер. Жаныңыздағы спортшы Тукиев сізге қосымша болу үшін ғана отыр.

Қойылған айып – шалажансар құрастырылғандықтан, қоғам алдында әшкере болды. Бұл сот процесінде ондаған рет дәлелденді және оған соттаушы судья мен айыптаушы прокурор ешқандай қарсы пікір айта алмай, «тексереміз, салыстырамыз» деп құтылуда. Бұлар әділет үшін берген антын, өздерінің ары мен ұятын жүйенің жемқор тарапына құл болуға айырбастағандар екенін көрсетті.

Сіз мемлекеттің мүлкін қорғаушы ретінде тарихта қаласыз, оған көзі ашық, көңілі ояу, шыншыл адамдардың бәрінің көздері жетті.

Бұдан былай істі соза беруде ешбір мағына қалмаса да, істі бастаған, дәлелдер келтіргенсымақ болғандар ұтылды, ел алдында масқара болуда және бұл оқиға тарихтағы «қара таңба» ретінде әлі талай сөз болып, оқулықтарға енері хақ. Тапсырма беріп, тасада тұрғандардың аттары да аталар әлі. Олар оп-оңай қолдарына алғалы тұрған мол табысынан айрылып қалғанына ызалы шенеуніктер. Сізді қаралап арыз жазуға, өзі сотқа тартылған адамды таңдағанда, заң алдында жауапкер, ниеті таза емес, құрбандыққа өз еркімен баруға мәжбүр адамды тапқан. Барлығы ойластырылған, бірақ ақшаны берудің жолы жабық болған.

«Мен Өскеменнен өзгеріп оралдым» деп едіңіз. Рас еді. Таза едіңіз.

Ауыр салаға келгеніңізде, Сізді танып, бағалап кемеңгер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қолдады. Бұл – үлкен жетістік. Елбасының өзінің серіктес азаматтарын шақырып: «Мен Президенттік лауазымнан бас тартқалы отырмын», – деген күні Сізді ұстап әкеткені – бұл істің алдын-ала ойластырылып, 4-5 жылдан бері өшігіп жүргендердің ісі екеніне дәлел. Олар нақ сол күні жасауға асыққаны сонша, берілуі тиіс пара адреске жетпей тұрып, қамау мен тергеуді бастап жіберіп, бүгінде масқарасы шығып отыр. Пара бар, берген адам да, алған адам да жоқ. Бұл – Жақсыбек Күлекеевтің «пара алуынан» да дөрекі түрдегі озбырлық.

Сіз осы 260 күн ішінде Өзіңізді сабырмен, әдеппен, иманды ұстап келесіз.

Дегенмен, шаршағаныңыз жабырқаулы жүзіңізден көрінгенде бұл процесс тезірек бітсе екен деп тілеп жүрміз. Өйткені, тапсырмамен (тапсырыспен емес), арнайы, қасақана ұйымдастырылғаны көрініп тұрған бұл істе сот пен прокурор тарапынан қалайда соттауға (жазығыңыз жоқтығын біліп тұрса да) бет алғаны анық. Өйтпесе тапсырманы орындамағандар ретінде жұмысынан айрылады.

Сіз екеуміз ағайындас болғандықтан ғана немесе екеуміз де аграрлық экономика салаларын жетік білгендіктен ғана емес, Сіздің адалдығыңызға, шыншылдығыңызға, мемлекет ісіне әбден берілгендігіңізге риза болғандықтан да мен сізбен біргемін. Бір мақаламда Ғабит Мүсіреповшілеп: «Ислам жау болса, мен де жаумын» дегенмін.

Шын достық пиғылым – осы! Бұл – менің діңгекті ұстанымым!

Мен Сізге сенемін!

Сіз – отбасыңызға, бізге, елге керексіз. Денсаулыққа қараңыз. «Нар түйеге оқ тисе, Жай түйедей бақырмас, Артқы аяғын бір сілкер, – дейді Адайлар. Осы қалпыңызда өзіңізді сақтаңыз. Жігеріңіз жасымасына сенеміз. Біз – сізбен біргеміз! Шыдаңыз. Жеңіс – біздің жақта.

*Ағаңыз Мырзагелді КЕМЕЛ*
*26 қараша 2019 ж.*

**«Что день грядущий мне готовит?»**
А.С.Пушкин

**Біздің соттың қасында түрік, кәріс, орыс сериалдары далады қалды. Күн сайын бір қызық болады да жатады, әйтеуір, зеріктірмейді. Біз сот ісіне баға бере алмаймыз, сондықтан болған оқиғаны баяндаумен ғана шектелеміз. Бағасын халық өзі бере жатар...**



# СОТҚА СОТ ЖОҚ ПА?

## немесе СУДЬЯ «ПАНДОРА-ЖАМАНДЫҚ» ЖӘШІГІН ҚАЛАЙ АШЫП ЖАТЫР?

27-қараша күнгі сот отырысын судья Қ.Мекемтас Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінен келген хатпен ашты. Онда былай делініпті (мағынасы): «Біз сіздің Асылжан Жампозовтың (сотта тергеушілердің қалай өзіне қысым көрсеткенін, төрт хаттаманың үшеуі тергеуші өзі жазғанын, бұған тек қол қойғызғанын айтып, оның дәлелдерін сотқа ұсынған, тергеу кезіндегі сөзінен И.Әбішевтің пайдасына бас тартқан, айыптау жағының ең негізгі, басты куәсі) қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы қаулыңызды алдық, бірақ, жағдайымыздың нашарлығы себепті олай етуге мүмкіндігіміз жоқ». Судья қорғаушылардың пікірін сұрап еді, қорғаушы М.Есқараев: «Құрметті сот! Мемлекетіміз аумағында сіздің қаулыңызды алған кез келген мемлекеттік мекеме оны мүлтіксіз орындалға міндетті! Несіне біз оны талқыға саламыз? «Орындаңдар!» деп, қайтарып жіберіңіз!» деді. Басқалар оны қостады. Судьяның онда несіне талқыға салғанын түсінбей біз қалдық... Сонымен қатар, Ұлттық комитеттің бейшара күйіне жанымыз ашып кеткенін де жасыра алмаймыз.

Ең қызығы қорғаушылардың судьяға 26-қараша күні И.Әбішев пен С.Түкиевтің қамауда ұстау мерзімі 15.9.2019ж мен 30.9.2019ж арасында ұзартылмастан, қамауда заңсыз отырғаны себепті екі азаматтың бұлтартпау шарасын өзгерту туралы өтініш берген болатын. Ол өтінішті судья қабылдамау туралы қаулы қабылдады және оған шағым немсе наразылық келтірілмейді деді. «Неге?» деген қорғаушылар сұрағына «қаулымен келіспеген жағдайда соттың болашақта шығарылар актісіне шағым берулеріңізге болады», – деді. Қорғаушы М.Есқараевтың «сіз неге өз құзыретіңізге кірмейтін нәрсе жайлы – олардың қамау мерзімін 30.9.2019 ұзартуға сіздің ешқандай құқығыңыз жоқ қой –шешім қабылдайсыз, неге құзыретіңізді асыра пайдаланасыз? Мені атып тастасаңыз да заң осылай дейді» деген сөзіне судья «болды, бұл сұрақты талқыламаймыз, келіспесеңіз, менің үстімнен шағымданыңыз» деді. қорғаушы А.Құспанның «сіз өз ісіңізді түсіндіруге міндеттісіз, заңға сілтеме жасасаңызшы, бұл – сот қой, колхоз жиналысы емес қой, сіздің «қаласам, шағымдануға шағымдануға құқық берем, қаламасам, құқық бермеймін» деген сөзіңізді заңның қай бабына, қылмыстық прцестік кодекстің сүйеніп айтып тұрғаныңызды түсіндіріңізші» деген әрекетінен де ештеңе шықпады. «Қаулы, шығарылды, болды, бітті!», – деді. М.Есқараев: «Сіз бұл әрекетіңізбен «Одисссеяны» оқығансыз ғой, жамандық атаулыны сыртқа шығаратын Пандора жәшігін ашып жатырсыз, бұл қаулыңыздан кейін прокуратура, полиция, бұлардың бәріне, қорғаушылар керек болмай қалады!». Судья осыдан кейін қорғаушыларға өтініш жазуы үшін үзіліс жариялады. Ал, олар судьяның үстінен Нұр-Сұлтан қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Ә.Шайхисламовқа судьяны ауыстыру жайлы қарсылық жазып еді, оны қабылдамай тастады...

Сотталушы И.Әбішев: «Құрметті сот! Судьяның біздің қамау мерзімімізді созуды ұмытып кетуі – бұл Алла-Тағаланың әмірімен болып отырған іс! Істі тіркеуді тергеуші ұмытып кетеді, мерзімді ұзартуды судья ұмытып кетеді, оны прокурор тағы да, тіркелмегенді көрмей қалғаны секілді, көрмей өтіп кетеді. Бұдан басқа да тергеу тарапынан да, сот тарапынан ешуақытта ұмытылып кетуі мүмкін емес нәрселер мүмкін болып жатыр. Бұл қатенің бәрі іс жүзінде ешкім пара алуды ойламағандықтан, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бюросының жоқтан бар жасамақшы болған әрекетінің салдарынан туып отыр. Соның бәрін әлі сіз өзіңіз тауып, бағасын беретін боласыз.







Абзал Құспан, қорғаушы: «Бүгінгі берген біздің өтінішіміз өте маңызды болатын, себебі, біз кәзір қылмыстық істі зерттеу-зерделеу сатысына келдік. Осы кезде тергеу соттары тарапынан берілген қаулыларды, сонымен қатар қылмыстық істі тергеу барысындағы бірқатар құжаттарды зерттеу кезінде біз 2019 жылдың 16-қыркүйегінен бастап 30-қыркүйегіне дейін И.Әбішев пен С.Түкиевтің қамауда заңсыз отырғанын нақты анықтадық. Бұл жерде ешқандай мықты заңгер немесе математик болудың қажеті жоқ – соттың ең соңғы санкциясында судья қамауда отыру мерзімін 2019ж.5-қыркүйегінен 16-қыркүйекке **дейін**, яғни, 15-қыркүйектің түнгі сағат 24:00-ге дейін ұзартуға санкция береді. Прокурор не істейді? Ол 16.9.2019ж. тағы да санкция алудың орнына, істі сотқа жолдайды. Іс сотқа 17.9.2019ж. түседі, 20.9.2019 күні судья Қ.Мекемтас істі өз өндірісіне алу жайлы қаулы шығарады. Бұның бәрі даусыз, дәлелденген дерек. Судья істегі санкция мерзімінің өтіп кеткеніне назар аудармайды, құқықтық баға бермейді. Тек қана 30.9.2019ж. күні, алдын-ала тыңдау барысында ғана қамауды ары қарай ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Міне, біз осыған байланысты өтініш береміз: «Құрметті сот! Бірінші кезекте прокуратура, екінші кезекте сіздің өзіңіздің тарапыңыздан осындай заң бұзушылық орын алды. Осыған байланысты, И.Әбішевке де, С.Түкиевке де қатысты бұлтартпау шарасын өзгертуді өтінеміз». Өтінішті кеше бердік, ал, бүгін, 27.9.2019 ж. судья Қ.Мекемтас ешқандай негізін көрсетпестен, өтінішті қабылдаудан бас тартады. Оның бұл қаулысында, кем дегенде үш елеулі заң бұзушылық орын алып отыр: **Біріншіден**, қаулысының ең соңында **«бұл қаулыға шағым немесе наразылық келтіруге жатпайды»** – дейді. Прокуратура тарапынан берілетін «наразылық» 2015 ж. жойылып кеткен болатын, ондай ұғым жоқ кәзір, прокуратура наразылық емес, тек өтініш бере алады. **Екіншіден**, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің (ҚР ҚПК) 415-бабы бойынша бұл қаулыға шағым беруге болады! Судья біздің бұлтартпау шарасына қатысты бере алатын құқығымызды шектеп тастады. **Үшіншіден,** біздің өтініште келтірген дәлелдерімізге қарсы судья заң талабына сәйкес уәж келтіру керек еді, оны істеген жоқ. «Қамау мерзімінде заң бұзушылық орын алған жоқ» дегендей жазуы тиіс болатын, олай жаза алмады, себебі заң бұзылып отыр.

Біз судьяның бұл қаулысына **«құқықтық тұрғыдан сауатсыз қабылданған қаулы»** деп баға беріп отырмыз. Кәзір орыс тіліне аудартып жатырмыз. Біз енді оны: а)бүкіл интернет желісіне жариялаймыз, б) бүкіл заңгерлік қауымдастықтардың бәріне жібереміз, «мына қаулы заңды ма, заңсыз ба, баға беруіңізді сұраймыз» деп, еліміздегі елеулі деген заңгерлердің бәріне жібереміз. Бұдан басқа не істейміз енді?!..

Судья Қ.Мекемтастың сотты біржақты, тек айыптау тұрғысынан жүргізіп отырғаны бүгін анық дәлелденіп отыр. Ол заңсыз қаулы қабылдағанымен қоймай, шағым келтіре алатын қаулыға «шағым келтіре алмайсыңдар» деп, біздің қорғаушылық құқығымызды шектеп тастады.

Осыған байланысты, біздің өзіне, судья Қ.Мекемтасқа Нұр-Сұлтан қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Ә.Шайхисламовқа сот кеңсесі арқылы беріп отырған қарсылығымызды сол судья Қ.Мекемтастың өзі қарап, «қарсылық беруге негіз жоқ», – деп, қабылдамай тастады!..

Бұл – сұмдық! Кәзір біз, И.Әбішев пен С.Түкиевтің қорғаушылары ешқандай құқығы жоқ қорғаушыларға айналдық. Айтатыны: «Сіздер бұған дейін де қарсылық жариялағансыздар». Кешіріңіз, біз бұған дейін бұндай себеппен қарсылық жариялаған жоқпыз! Әр бергенде әр түрлі, нақты себеппен беріп жүрміз. Жалпы, қарсылық жариялаудың саны шектелмейді, «бір рет жарияладыңыздар, болды, енді жариялай алмайсыздар», – деген сөз ақылға сыймайтын нәрсе. Бір рет жариялаумен бітсе, содан кейін судьяның заңды бұза беруіне бола ма сонда? Ойына келгенінің бәрін істей бере ме? Қорғаушылар «судья не істегісі келсе соны істесін» деп, жай қарап қана отырулары керек пе сонда?

Бізге енді қайтадан қоғамға шығудан, заңгерлер қауымына шығудан басқа амал қалмай отыр. Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановқа хат дайындап жатырмыз. Ол кісіге деген үмітіміз біздің үзілген жоқ...

Біз берген қарсылықтың мәтініне назар аударсаңыздар, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, №2 аудандық сотының судьясы А.Амиргалиев есімді азаматты осы сотқа алдыртып, істі қарауды сол судьяға тапсыруды сұрап отырмыз. Мен ол кісіні танымаймын, өмірімде көрген адамым емес, ол кісі жүргізген бір де іске қатысып көрмегенмін, бірақ, мен білетін-танитын астаналық адвокаттың барлығы да бірауыздан сол кісіні «қазақша іс жүргізе алады, ол өте әділ адам, ол түскен өтініштерді мәні бойынша қарай алады, ол құқықты сауатты судья», – деп сипаттап, ауыздарынан тастамайды. Сол себепті, біз оны сұратып отырмыз.

Судья Қ.Мекемтас бізді қабылдаған сауатсыз қаулысына шағым келтіру құқығымызды шектегенімен, біздің көпшілікке қарата үн қату құқғымыздан айыра алмайды, тілімізді байлай алмайды. Егер біздің осы әрекетімізден ешқандай нәтиже шықпайтын болса, онда бізге аузымызды қара лентаны таңып алып отыру ғана қалады, өйткені, біздің қорғаушылық қызметіміз де, міндетіміз де ешқандай мән қалмайды. Біздің, қорғаушылардың құқығы бұзылып жатыр, біздің құқығымыз бұзылды деген сөз, біздің қарауымыздағы азаматтардың құқығы бұзылды деген сөз. Мен талай сотқа қатысып жүріп, мынадай сұмдық, мынадай заң бұзушылыққа құрылған сотты еш жерден көргенім жоқ. Және бұл жай сот емес, еліміздің астанасындағы сот қой!». Сот процесі жалғасуда.

**Бір кездері «Шалқадан жатқан Шардараның» (М.Мақатаев) бүгіндері тебіреніп, тербеліп, шабыттанып жатқан жайы бар. Ресми түрде «Шардара» атауын иеленіп, жеке аудан болғанына жарты ғасырдан асқан шежірелі өлкенің масаттанатындай, мақтанатындай орны бар. Өйткені, ауданның құрылғанына 55 жыл толса, аудан орталығының Абай селосынан Шардара қаласына, шағалалы шаһарға көшірілгеніне 50 жыл толып отыр.**

**Қазақ халқы: «Елу жылда – ел жаңа» деп бекер айтпаса керек. Осыдан 50-60 жыл бұрын осы өңірде Бүкілодақтық екпінді құрылыс деп танылған Шардара су қоймасын салу қолға алынды. Аталған су қоймасының салынуы өз алдына бір тарих. Су қоймасының іргетасы 1958 жылдары қаланып, 1964-1965 жылдары агрегаттар іске қосылды. Нәтижесінде сыйымдылығы 5,7 млрд. текше метр болатын жасанды теңіз айдыны пайда болды. Аудан тұрғындары ғана емес, көрші Өзбекстанның бірнеше аудандарына электр энергиясы берілді.**



# ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ,

Ендігі жерде осыншама мол суды ауыл шаруашылығы саласына тиімді пайдалану мәселесі күн тәртібіне шықты. Осы орайда Қызылқұм тыңын игеру науқаны басталды. Аудан көлемінде 1965 жылы ең алғаш күріш өндіруге негізделген «Восход» кеңшары (қазіргі Қоссейіт ауылдық округі) бой көтерді. Іле-шала «Октябрьдің 50 жылдығы», «Комсомол», «Қазақстан», «Целинный», «Қызылқұм», «Ақ алтын», «Қаз. ССР 60 жылдығы», «Достық», «Жиделі», «Жаушықұм» кеңшарлары құрылып, бірі күріш өндірумен, енді бірі мақта егісімен, жеміс-жидек өндірумен шұғылданды. Аудан орталығында кеңшар құрылыстарына қажетті бұйымдар шығаратын «Құрылыс материалдары комбинаты», «Жөндеу механикалық зауыты», бүкіл аудандағы автотехникаларды топтастырған «Автотранспорт паркі», бірнеше мың адамды қамтитын ондаған жылжымалы механикалық колонналар аудан экономикасын көтеру үшін аянбай еңбек етті. Келер ұрпақтың болашағы үшін әрбір кеңшарда мектеп, балабақша, мәдениет үйлері, кітапхана, спорттық аландар бой көтеріп, бұл салада да ауқымды жұмыстар атқарылды. Осындай еселі еңбектің нәтижесінде жерлестеріміз «Кеңестер Одағының Батыры», «Социалистік Еңбек Ері», «Халық қаһарманы», «Даңқ» орденінің толық кавалері, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болып, біздің ғана емес күллі елдің мақтанышына айналды. Уақытпен санаспай тер төккен күрішшілердің өндірген өнімдері «Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне» қойылып, Кеңестер Одағына үлгі болды. Күрішшілер мен шопандар ерен еңбектің нәтижесінде «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы», тағы басқа да орден-медальдарды кеуделеріне тақты.

Аға буын ардагерлердің салып кеткен сара жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді. Қазіргі таңда Шардара қаласы мен 10 ауылдық округте 23 ұлттан құралған 80 мыңға жуық халық тату-тәтті тіршілік етуде.

Шардара туралы сөз қозғағанда аймақтың рухани-мәдени өміріне ерекше тоқталуға болады. Бұл ретте шағалалы өңірдің атын облыс пен республика көлеміне танытып жүрген мәдениет және спорт саласының майталмандары аз емес. «Қара бауыр қасқалдақ» әнімен айдай әлемге танылған марқұм сазгер Лесбек Аманов, кезінде мұхиттың арғы жағындағы Куба еліне гастрольдік сапармен барып, Шардараның атын асқақтатып қайтқан күміс көмей, жезтаңдай әнші Бейсенбек Бибосыновтай өнерпаз ұлдарын аудан халқы мәңгі ұмытпайды. 2006 жылы өткен Шәмші әндерінің Халықаралық байқауының гран-при иегері Айнұр Керімбекова, Американың Голливуд қаласында өткен байқауда бес бірдей алтын медальді жеңіп алған бұлбұл дауысты Мөлдір Бақытжанқызы, республикалық бірнеше ән байқауының жүлдегері Асқар Жайлаубаев секілді ән әлемінің жарық жұлдыздарын шардаралықтар орынды мақтаныш тұтады.

Шардарадан шығып, шартарапқа танылған таланттар да аз емес. Есімі елге белгілі ақын, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, С.Есенин атындағы «Алтын күз» орденінің Қазақстандағы тұңғыш иегері, «Қазақ үні» газетінің президенті, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, өмірден ерте кеткен дарынды ақын, мәдениеттанушы, ғалым Әмірхан Балқыбек, танымал ақын, Гамбург университетінің құрметті профессоры Бауыржан Қарабеков, Қазақстан Жазушылар Одағы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, бірнеше әдеби сыйлықтың иегері, талантты ақын Әлібек Шегебай, елде жүргенімен жырсүйер қауымға етене танылып қалған ақын Қасқыр Серікбаев, Нұрғали Ыбырайым, Сәбит Лаханов, Ұлмекен Лесбек, жыршы-термешілер – Тәшман Шекеров, Әбдіғаппар Айдаров, Аманғали Ниязов, Сәкен Бегманов, Қанат Дауылбаев, әнші-сазгерлер – Әкім Мұсақұлов, Нұрлан Адамбеков, Тұрлан Әшімов, Құрманғазы Ибрагимов, Ахмет Молдағұлов, Ізбасар Кеңесов, сонымен бірге Мұрат Қоңырбаев, Асқар Мәуленов, Болдығыз Мырзағұлова, Фарида Батырқұлова, Эльмира Шонаева, Бақберген Омаров есімді өнер иелерін жерлестері ерекше құрмет тұтады.

Бүгінде шағалалы Шардараны әлем таниды десек артық айтқандық болмас. Қалай танымасын, қазіргі таңда Шардараның байлығы деп саналатын балығын Еуропа мен әлемнің бірқатар елдері кеңінен тұтынып жүр.

Ал спорты ше? Даңқты палуан Арман Қарсыбаев негізін қалаған армрестлинг спортының сарбаздары әлемдік аренада жоғары орынды иеленіп келе жатқанын мақтанышпен айтуға болады. Шардаралық қол күресшілердің арасынан бүгінгі таңға дейін 34 әлем чемпионы шыққан болса, кеше ғана Румыния мемлекетінде өткен әлем чемпионатынан тағы да 14 алтын медальды иеленіп келді. Сонымен аудандағы әлем чемпиондарының саны 48-ге жетіп отыр! Басқа да спорт түрлерін қосқанда 56 шардаралық спортшы әлем чемпионы атағына ие.

Алғашқы кездерде негізі күріш өндірумен шұғылданған шаруалар 1990 жылдардан бастап мақта дақылын өсірумен түпкілікті айналыса бастады. «Ақ ұлпа» өндірушілер бұл жұмыста да жеміссіз емес. Ауданымыз бірнеше рет мақта өндіруден облыс чемпионы атанды.

Осылайша шаруасы шалқыған Шардара ауданының 55 жылдығын лайықты атап өту үшін аудан әкімі Қайрат Жолдыбай арнайы іс-шара бекітіпті. Іс-шара жоспарына сәйкес 55 жылдықтың құрметіне орай ауданда 55 игілікті іс-шара жоспары жасалып, ол шаралар толығымен жүзеге асты. Негізгі мереке 23 қараша күні аталып өтті.

20 қараша күні «Шардара жайлы әндер мен сазгер Лесбек Амановтың әндерін орындаудан» облыстық байқау өткізілді. Байқау барысында шежірелі өлке жайлы жаңа әндердің дүниеге келгеніне куә болыстық. 22 қарашада осы шараға орай облыстық ғылыми конференция ұйымдастырылды. Конференцияда ғалымдар өңірдің тарихы, жер-су атаулары жайлы кеңінен мағлұматтар айтты. Шараны Қазақстан Жазушылар Одағы Түркістан облыстық филиалының директоры, ақын, жерлесіміз Ә.Шегебай жүргізді. 23

---

**Құрметпен, Азат ПЕРУАШЕВ, «Ақ жол» партиясы төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:**

## ҚҰМСТАННАН ГҮЛСТАНҒА АЙНАЛҒАН ӨЛКЕ



Түркістан облысы, Шардара ауданы әкімі Қайрат ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ мырзаға Қадірлі Қайрат Жолдыбайұлы «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы мен парламенттегі фракциясы атынан сіздерді биылғы Түркістан облысы Шардара ауданының құрылғанына 55 жыл, аудан орталығының Абай ауылынан Шардара қаласына көшірілгеніне 50 жыл толуымен құттықтаймыз! Түгел түркіге қасиетті Түркістан өңірінде, Қызыр аралаған Қызылқұмда, сұлу Сырдың жағасында, Шардараның сайын даласында орналасқан тарихи ауданның 55 жылдығы еліміз үшін де ерекше маңызды мерейтой екені анық. Талай тарлан ақындардың айшықты жырларына арқау болған Шардараның аты елімізге жақсы белгілі. Кезінде өркениет бесігі атанған Сыр бойындағы гүлденген қалалардың бірі болған Шардара сан ғасырдан соң қайта түледі. Шардарадан шығып, шартарапқа танылған шайырлар жырлағандай, Құмстаннан Гүлстанға айналды. Кезінде 1958 жылы Шардара су қоймасының салынуы Бүкілодақтық екпінді құрылыс атанып, бүкіл Кеңес одағынан түрлі ұлт өкілдері келіп, еңбек еткенін жақсы білеміз. Шағыл құм мен шағалалы теңіздің әдемі үйлескен ажары Анталиядан кем емес Шардараның туризмдік болашағы жарқын екеніне сенеміз. Ал Шардараның балығы мен қарбызы ел өнімдерінің ішінде брендтік мәнге ие екенін айта кетуге тиіспіз. Шардара ауданында «Ақ жол» партиясының филиалы мен қалың тілеулестеріміз бар екенін жақсы білеміз. Олар ауданның қоғамдық-саяси өміріне өз үлестерін қосып жүр. Қадірлі Қайрат Жолдыбайұлы! Шардаралықтардың өмірі Шардарадай шалқыған табысты және бақ-береке мен шат-мерекелі бола берсін дейміз. Алдарыңыздан әрдайым Ақ жол ашылсын деп тілейміз!

---

**Нұркен АСАНОВ, Швейцариялық «Евразия Групп» АҚ-ның тең құрылтайшысы:**

## ЖАСАЙ БЕР, ШАҒАЛАЛЫ ШАРДАРАМ!



Қызылдың құмымен ерекшеленетін кіндік қаным тамған жер, шағалалы Шардарамыздың 55 жылдық мерейтойының куәсі болып қайттық. Шардараға еңбегі сіңген, туған елім десе бір бүйрегі бұрып тұратын алдыңғы буын ел ағаларымен әңгіме дүкен құрып, түрлі естеліктерін тыңдап, есте қаларлық әсерлі де, мағыналы уақыт өткіздік. Жас та болса бас болып жүрген аудан әкімі Қайрат Жолдыбайұлы зор құрметпен қарсы алып, келген әрбір қонақтың көңілінен шығып, қарашаңырақтың ыстық ықыласын көрсетті. Өз басым туған жердің ауасын жұтып, халықтың хал-жағдайымен танысып, емен жарқын әңгіме дүкен құрып, бойыма күш-жігер жинап қайтқандаймын. Шардараның атаулы мерекесіне арнайы шақырылған соң, көзді жұмып, ойланбастан тартып кеттім. Әйтпесе, күйбең тіршілік бітпейді ғой...

Қазақ деген қонағын құшақ жая қарсы алатын ақ көңіл, кең пейілді халықтың ұрпағы емеспіз бе? Шат-шадыман көңіл-күйдегі жерлестерімнің қуана қарсы алғаны көңілге шаттық нұрын ұялатып, туған елге, туған жерге деген ыстық сезімімізді одан сайын асқақтата түскендей.

«Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйенерге жарар ол» демекші, перзентім деп ақ пейілін танытып, төсімізге «Шардараға 55 жыл» медалін тағып, иығымызға зерлі шапан жауып, зор құрмет көрсетіп жатқан ағайынға айтар алғысым шексіз.

Ұлы Абай атамыз айтпақшы, «Өзің үшін өмір сүрсең, оттаған хайуанның бірі боласың, Адамзат үшін өмір сүрсең, Аллахтың сүйген құлы боласың» демекші ел үшін еңбек ету әрбіріміздің азаматтық борышымыз деп білемін. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ауыл – ел бесігі», «Туған жерге тағзым» атты бастамаларын қолдап, туған жерінің түлеуіне үлес қосу да абыройлы міндет.

# ТАРИХЫ ЕРЕН Шардара

қарашаға белгіленген Шардараның 55 жылдық мерейтойы жоғары дәрежеде өтті. Тойға келген қонақтар ең алдымен «Абай алаңындағы» «Шежіре» ауылында болып, аудан тарихымен танысты. 1940-1970 жылдары шығарылған ретрокөліктер көрмесін қызыға тамашалаушылардың қатары қалың болды. Тарихи жәдігер бұйымдар көрмесі де өткен күндерді есімізге салып тұрды. Шардаралық шаруалар ұйымдастырған «Алтын күз» жәрмеңкесінде олар өз өнімдерін тұтынушыларға арзан бағада ұсынып жатты. Ал ұлттық киім киген 55 келіннің мерекеге келген ел ағаларына иіліп сәлем салып, ізет көрсетуі өте әсерлі болды. Келіндердің келі түйіп, ұршық иірген өнері әсіресе жас ұрпаққа үлгі-өнеге болды деп айта аламыз.



Мәдениет сарайында тойға жиналған қауымды аудан әкімі Қайрат Жолдыбай, бір кездері ауданды басқарған Қауысбек Тұрысбековтің ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері Зауытбек Тұрысбеков, облыс әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев, ақын, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, «Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иесі, «Қазақ үні» газетінің басшысы Қазыбек Иса өңір тұрғындары мен қонақтарды мерейлі мерекелерімен құттықтап, тарту-таралғыларын ұсынды. Шардара өңірінде туризмді дамыту барысы жайлы «Анталияда су бар, құм жоқ. Дубайда құм бар, су жоқ. Шардарада соның екеуі де бар» деген Қ.Исаның сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Ізгі құттықтаулар соңында ауданның өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан еңбек ардагерлеріне, құрметті қонақтарға, тағы бірнеше азаматтарға сый-сияпат жасалып, «Шардараға 55 жыл» мерекелік медальдары табыс етілді.






Аудан мерейтойы жоғары дәрежеде өтіп, бұл күні үлкен концерт ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламада еліміздің өнер жұлдыздары – Досымжан Таңатаров, Сенбек Жұмағалиев, Жалғас Кеңесов, Мәдина Сәдуақасовалармен қатар жерлестеріміз – облыстық опера және балет театрының әншісі Қайрат Құлыншақов, республикалық ән байқауларының лауреаты Асқар Жайлаубаев, әнші-сазгер Ахмет Молдағұлов, Бақберген Омаров және аудандық балалар саз мектебінің ұлт аспаптар оркестрі ән шырқап, тыңдармандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мұнан соң мерейлі шара «Жастар» мейрамханасында жалғасын тапты. Мерекелік дастарқан басында аудан әкімі Қ.Жолдыбай биылғы жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласында үздік нәтижелерге қол жеткізген ауыл әкімдіктеріне, жеке кәсіпкерлерге Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар тарту етті. Сонымен бірге отандасқандарына 55 жыл толған ата-апаларымызға сыйлық бергені тартымды көрінді. Аудандық мәслихат хатшысы Б.Мүтәлиев те құттықтау сөз сөйлеп, бір топ азаматтарға жоғарыда аталған мерекелік медальдарды табыстады. Ақын Қ.Иса осы шара барысында өнер майталманы, әнші Сенбек Жұмағалиев пен жерлес ақынымыз Қасқыр Серікбаевқа «Қазақ хандығының 550 жылдығы» медалін табыс етті. Осы күні түс ауа аудандық Мәдениет сарайында ҚР Мәдениет қайраткері, сазгер, жерлесіміз Жалғас Кеңесовтің «Туған жерге тағзым» атты жеке шығармашылық концерті өткізілсе, №16 колледжде «Сән әлеміне саяхат» тақырыбымен ұлттық киім және ұлттық қолөнер бұйымдарының байқауы ұйымдастырылды. Кешке қарай «Алты алаш» алаңында «Шардара – шаттық мекенім» атты өнер жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт ұйымдастырылып, соңы отшашуларға ұласты.

**Сәбит ЛАХАНОВ**

Түркістан облысы
Шардара ауданы

---

Қазыбек ИСА,
Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, Халықаралық Сергей Есенин атындағы сыйлық – «Алтын Күз» орденінің иегері:

## ШАҒЫЛДЫ ДА, ШАҒАЛАЛЫ ШАРДАРА



Ассалаумағалейкум, ағайын! Бүгін мынау шалқыған Шардараның төсінде дүбірлеген той болып отыр. Шардара ауданының 55 жылдығы, аудан орталығының осы Шардара қаласына ауысқанының 50 жылдығымен сіздерді құттықтаймын. Бұл жерге мен екі миссиямен келіп отырмын. Біріншісі – ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің Шардараның 55 жылдық мерейтойына арнайы құттықтау хатын алып келіп отырмын.

Екіншісі – Шардараның төл перзенті ретінде өзімнің жүрекжарды жырымды оқып, ақ тілегімді айтып, өздеріңізді құттықтау.

Бүгінгі мерейтойда ретро автомобильдер көрмесі мен қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінің барлығының көрініс тауып отырғаны көңілімізге зор қуаныш сыйлағаны рас. Тойымыз тойға ұласа берсін!

Мен енді хатты оқып қана кете салатын әкім емеспін, ақынмын. Оны жақсы білесіздер. Сондықтан, туған жердің төрінде кеңінен көсілгім келіп отыр. Өздеріңіз білетіндей, ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық Кеңес отырысында жасаған баяндамамда Конституциядағы 7-баптың 2-тармағын, яғни орыс тілінінің ресми тіл мәртебесін алып тастау туралы мәселе көтердім. Сонымен қатар, осы жиын барысында Ұлытаудағы Жошы хан кесенесі туралы да бірқатар маңызды ұсыныстарды ортаға салдым. Өйткені, мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың: «Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның Қазақстандағы Ұлытау өңірінде жатқандығын ешкім білмейді. Соны әлемге танытып, туризм орталығына айналдыру керек» деген сөзін атап өттім. Жошы ханды әлемге таныту керек болса, 2023 жылы Жошы ханның біздің Ұлытауда хан болып таққа отырғанына 800 жыл толады. Сол 800 жылдықты мемлекеттік деңгейде тойлау туралы ұсыныс тастадым.Ондай тарихи жерлер біздің Шардарамызда аз ба,? Ұзынатамыз бар, Сүткентіміз, Жаушықұмымыз, Қоссейітіміз, Әжемсеңгіріміз бар. Сонымен қатар, Шардара, Ақтөбе қалалары бар теңіздің астында қалған. Былтыр мен бір келгенімде жазып кеткен едім, мынау Шардараның табиғаты Анталиядан кем емес деп. Себебі, елдің бәрі қазір Дубайға барады. Дубайда құм болғанмен, теңіз жоқ. Теңіздің бәрі жасанды. Анталияға барады. Анталияда ғажап теңіз болғанмен, құм жоқ. Ал бізде шағылды Шардара теңізі, Қызыр аралған Қызылдың құмы бар. Осындай тамаша табиғатты Жаратқан Иеміздің өзі үйлестірген. Мұндай тамаша табиғат әлемнің ешбір мемлекетінде жоқ. Сіздер осындай жердің тумасы болғандарыңыз үшін де мақтаныңыздар. Шардараны болашақ туризмнің ордасы ету бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуы керек. Мұны мен Шардара ауданының тізгінін ұстаған Қайрат Жолдыбайұлы бауырыма, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев мырзаға осы мәселе назарларыңызда болсын деп арнайы айтып отырмын. Өйткені, қазір туризм – табыстың кілті. Көптеген елдерді біз білеміз тек ғана туризммен өмір сүріп отырған. Сондықтан, Шардараның осындай үлкен ресурсын пайдалануымыз керек деп ойлаймын.

Кеше осында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шардараның өмірін 5 жылға ұзартқан Есенбай Бейсенбиев ағамызға зор рахмет. Шардараның өмірі туралы өте әсерлі әңгіме айтқан Қыстау Ілесов ағамызға да алғысымыз зор. Сонда Қыстау ағамыз менің «Шардара» атты өлеңімді жатқа оқығанына риза болдым. Шардараның шаттық пен шапағатты күндерінде шабытымыз шалқи берсін!

Ұлтым деген ұлдар Ұлы көшке ерсін,
Шардара бұл – өлкеміз гой өскен шын.
Елу бес жыл дегеніміз – екі бес,
Бәріміздің өміріміз бес болсын!

---

Дайрабай МАМАШҰЛЫ,
«Маңғыстау-Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі

## МЫҚТЫЛАРДЫҢ МЕКЕНІ



Ғасырдан астам тарихы бар өлкенің бүгінде аты шартарапқа мәлім. Балығы брендіне айналса, спортшылары, соның ішінде армрестлинг Шардараның «паспорты» іспетті. Шетелдіктер Шардара туралы біліп қана қоймай, ол кіл мықтылардың мекені екенін мойындап та үлгерді. Міне, біз де осындай жерде туып-өскенімізді мақтан тұтамыз. Ал, енді той туралы ой толғар болсам, Шардара ауданының 55 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде өтті. Әсіресе, ризығын еңбектен іздеген, жер емген дихандардың ала жаздай еткен еңбегін екшер уақытта, яғни «Алтын күз» мерекесімен қатар тойланған мерейтой көпшілікке шат-шадыман көңіл-күй сыйлады. Жерлестеріміздің биік еңсесіне қарап бір марқайып қалдық. Қазіргі таңда Шардара ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайының қарқынды дамып келе жатқанына куә болдық. Кешегі той соның бір көрінісі десек те болады.

№48 (866), 2 jeltoqsan, 2019 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында отандық туризмді дамытуға мынадай сөздерін арнады: «Туризмді, әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет. Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн. Туризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет» – деді.**



# ШІРКІН, МЕНІҢ ҚАНДАЙ ДАЛАМ...

Бұл сөздер еліміздегі туристік салаға қатысы бар басқару, білім беру, ұйымдастыру орындары қызметкерлерінің басты мәселесі болуы тиіс.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – туризм саласына мамандар дайындауға арналған жоғары оқу орындарының көшбасшысы. Университеттің Экономика факультетінде «Туризм» кафедрасы туристік қызмет мамандарын дайындауды 1997 жылы «Әлеуметтік-мәдени сервис және туризм» мамандығынан бастады. Содан бері жоғары білімді мамандарды әзірлеуде. Кафедрада 35 оқытушы-профессорлар дәріс береді, оның ішінде 2 ғылым докторлары,12 ғылым кандидаттары мен 2PhD докторы, сонымен қатар аталмыш білім ордасы бакалавриатты тәмамдап, туризм индустриясы дамыған Швейцария және т.б. елдердегі жоғары оқу орындарын халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен магистратураны оқып келген 5 түлек бүгінгі таңда кафедрада жан-жақты маманданған түрде дәріс береді. Олар саланың теориялық және практикалық мән-мағынасын, туризмнің әлемдік тәжірибесін тыңдаушыларға жеткізеді. Кафедрада магистратура және докторантура бар. 2014-2015 жылы – 578, 2015-2016 жылы – 583, 2016-2017 жылы – 597, 2017-2018 жылы – 619, 2018-2019 жылы – 629 студент диплом алып, 2019-2020 оқу жылында «Туристік қызметтерді ұйымдастыру» мамандығына – 158, «Қонақ үй және мейрамхана ісі» мамандығына 29 студент қабылданды. Ал, магистратураға «Мейрамхана және қонақ үй бизнесін ұйымдастыру» мамандығына – 3, «Туристік жобалау» мамандығына 2 (1 курс) магистрант «Туризм» мамандығы (2 курс) – 8 магистрант пен «Туризм» мамандығына 6 докторант дәріс алуда.



*Бакалавриат*
*2019-2020 екі мамандық бойынша «Туристік қызметтерді ұйымдастыру» және «Қонақ үй және мейрамхана ісі» студенттер қабылданды.*



*Магистратура*
*«Мейрамхана және қонақ үй бизнесін ұйымдастыру» және «Туристік жобалау» мамандықтарына магистранттар қабылданды.*



*Докторантура*
*«Туризм» мамандығындағы докторанттар.*

Кейінгі кезде дәріс беру үдерісінде «білім экономикасына» ғана басымдық бере бермей, «дағды экономикасына» тереңірек айналысып келеміз. Бүгінде «Дағды экономикасы» – әлемдік үрдіс. Бұл – оқу орындарын бітірушілердің тек теориялық біліммен ғана шектелмей, алған біліміне сай, оны өмірде пайдалана білу үшін дағдылану, машықтану әдісін үйренуге алып келеді. Ол үшін, іс жүзінде практикалық сабақтар мен сабақтан тыс тәжірибелер қонақүйлерде, мейрамханаларда, кемпингтерде, қонақжай кешендерінде, туризмді ұйымдастырушы мекемелерде өткізіледі. Бұған қажет мекемелер басшыларымен келісіліп, оларда өтетін іс-шараларға ақысыз қызмет етіп, үйрену әдісі қолданылуда.

Университет ректоры Ерлан Сыдықовтың мамандығы тарихшы, өзі өмір көрген, іске жанашыр басшы ретінде осы істерді ұйымдастыруға жан-жақты көмек көрсетеді. Көмектің мәнісі – барлығын ұйымдастырып беру емес, түрлі мекемелер басшыларына Нұр-Сұлтан қаласы мен оның төңірегіндегі, Көкшетау, Қарағанды облыстарындағы туристік және демалыс аймақтары басшыларымен байланысып, туристік қызметті жандандыру, сол арқылы еліміздің оң имиджін қалыптастыру мақсатында ұсыныстар жасайды және соның жүзеге асып отыруына ықпал етеді. Университеттің Зерендіде өз демалыс аймағы бар, оны қызметкерлер мен студенттеріміз барып, демалып, спорттық және сауықтыру шараларына қатысып тұрады.

Қыркүйек айының басындағы «Tengrinews» ақпарат агенттігінің мәлеметіне қарағанда, Қазақстан әлемдегі арзан туризмнің тобында 4-орын иемденіпті. Бұл да қазіргі экономикалық уақытша қиыншылық жағдайында ел азаматтарының демалыс-сауықтыру істерін пайдалануына және қалыптасып келе жатқан туристік объектілердің оңтайлы сақталып тұруына қызмет етіп келеді.

Туған жердің табиғаты өте көркем. Бізде туристік саланы дамыту ісіне ұсынатынымыз – Түркістан мен Бурабай екеуімен шектеліп қала беретіні бар. Шын мәнінде біздің елімізде үлкенді-кішілі нағыз керемет туристік аймақтар жетерлік. Біздің өз Швейцариямыз – Катон Қарағайдағы Рахман бұлағы, Марқакөл, Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау, Алтай таулары, Алакөл, Балқаштағы сауықтыру кешендері, Ақтау жағалаулары, Қорғалжын, Ақсу-Жабағылы қорықтары, Шарын, Қасқасу бар. Бұл тізімді толықтыра түсуге болады.

Туризм – мемлекет қоржынына қомақты қаржы құя алатын саланың бірі. Отандық туризмді дамыту арқылы мол пайдаға кенеліп отырған Түркияны мысал етсек те жетерлік. Олардың ұлттық табысының басым бөлігі туризмнен келеді. Лондондағы екі аэропорттың кіріс көзінің үштен екісін сол жердегі қызмет етушілер береді екен. Демек біз туризмді осылайша дамыту арқылы тамақ өнеркәсібін, сауданы, қызмет көрсетудің түрлі бағыттарын дамыта аламыз.

Отандық туризмді дамыту шараларын жетілдіре түсуіміз керек.

Мәселен:

– Туризмнің жаңа бағыттарын ашу мысалы, Африкадағы сафаридегідей Торғай даласында, Шардара құмында, т.с.с бос жатқан өңірлерде ұйымдастыру.

– Жан баспаған, жетуі қиын аймақтарда жабайы туристік маршруттар жасау.

– Ұлы дала тарихындағы аты жайылған елді мекендерге саяхат, Абай еліне, Абылай хан, Кенесары, Махамбет, Бекет ата жеріне танымдық бағыттар ұйымдастыру.

– Туристік бизнесті ұйымдастырып, дәрілік шөптерді өзге елдерден келген келімсектердің табыс көзі етпей, өзіміз жасау.

Университетімізде тарихты танудың көшелі бағыттары бар. Олар – тарихты тану арқылы өткеніңді тану, халықтың қалыптасу кезеңдерін зерделеу арқылы тағылым алу және осылардан қуат алып болашаққа нық басу.

Жақында ғана Қытай елінде алғашқы ресми сапарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі туристік орталықтарды сол елдің стандарттарына сәйкестендіру керектігін атап айтты. Бұл стандарт туристерді елге тартудың негізі – қонақжайлылық дегенді білдіреді. Бұл стандарт – туристік нысанды көрсете білу, сервис, қоршаған ортаның зиянсыздығы, туристердің қанағаттану деңгейі және оларды қабылдау мен шығарып салудағы мәдениет. Бұл қазірше біздің елімізде жетілдіре түсуді қажет ететін мәселелер.

Мемлекеттік бюджеттің қаржысын ғылым мен техниканың дамуына,сапалы білім мен медицинаның көтерілуіне, ауыл шаруашылығының өркендеуіне, отандық туризмнің қанат жаюына тиімді жұмсауды үйренетін кез жетті. Мұнайды, темірді, көмірді, өзге де шикізатты немесе оның өндіру көздерін сатудың алысқа апармасына көз жеткізетін уақыт келді.

Осындайда, ойға ақын Сайлаухан Нәкенов пен композитор Жақсыгелді Сейіловтің «Ұлытау» әніндегі: «Шіркін, менің қандай далам, жанарымды алмай қалам!» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Әлемдегі ең көркем, бай, бұла табиғатқа ие қазақ даласын бағалайық!

**Әсел БАИМБЕТОВА,**
**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты**

RÝHANIAT

# ШЫМКЕНТТІҢ 2200 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БЕКІТІЛЕДІ

**Үшінші мегаполистегі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Шымкенттің тарихы мен өркениеті» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ауқымды жиынды қалалық ішкі саясат және дін істері басқармасы ұйымдастырған.**

Шымкент 2020 жылы ТМД елдерінің мәдени астанасы атанады. Осы мәртебелі міндетті абыройлы атқару мақсатында өткізіліп отырған жиынға қалалық ішкі саясат және дін істері басқармасының басшысы Жанар Бектаева, өңіріміздің зиялы қауым өкілдері, ұлағатты ұстаздар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Түркістан және өзге де қалалардағы жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Конференцияда ғалымдар Шымкенттің түрлі салаларына қатысты ғылыми зерттеулері мен Шымшаһардың өткені, бүгіні және келешегі туралы тұжырымдары мен зерттеулермен жете таныстырды.

Шара барысында археолог-ғалым Бауыржан Байтанаев Шымкенттің 2200 жылдық тарихы бар қала екенін ресми бекітуге аз уақыт қалғандығын тілге тиек етті. Жаңа жылға дейін ЮНЕСКО арнайы шешім қабылдаса, келер жылы бұл тарихи дата кең көлемде атап өтілмек. Ол өзіне осы мәселеге байланысты көптеген сұрақтардың қойылатынын, Түркістан мен Тараз қалаларының тарихи жылнамасымен салыстыратынын да баяндады.




– Шын мәнісінде Түркістан қаласына да 2200 жыл толып отыр. Оны марқұм археолог-ғалым Ерболат Смаңқұлов Күлтөбенің астынан қазған тарихи деректерімен, дәйектерімен дәлелдеп кеткен. Ал Шымкенттің Нуджикент және Исфиджаб деген екі тарихи атауы болған, – деді Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық институт директоры Б.Байтанаев.

–Бүгінде әлемде тұрғын саны миллионнан асатын қалалар саны 389-ға жетеді. Жер шарында миллионер қалалары көп елдердің көшін Қытай бастаса (96 қала), одан кейін Үндістан (37 қала), Бразилия (17 қала) мен Ресей (15 қала) тұр. Ал көрші Өзбекстан Ташкентімен 43-орында тұр. Біз Алматы, Астанамызбен 31-орында болсақ, енді миллионерлердің қатарына Шымкенттің қосылуымен бұл тізімде жоғары көтерілетініміз анық, – деді қалалық ішкі саясат және дін істері басқармасының басшысы Жанар Бектаева.

*Qazaquni.kz*



# ТҰҒЫРЫ БИІК ТУМАШЕВ

## ШАРДАРАНЫҢ ТҰҢҒЫШ БІРІНШІ ХАТШЫСЫ ТІЛЕУБЕРГЕН ТУМАШЕВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

**Иә, біздер ол жайлы аз білеміз, ал кейінгі буын тіпті білмейді десек қателеспейтін шығармыз. Әрине, оларды кінәлаудан аулақпыз. Себебі, аудан тарихы бұрмаланып кітаптар жазылды, тойлар өткізілді. Санамыз бұрмаланған тарихи деректермен қалыптасты. Өкінішті, әрине...**

Тумашев Тілеуберген Құсбасшыұлы 1923 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында туылған. Мектептен соң Шалқар стансасында паровоз деposында слесарь болып еңбек жолын бастаған.

1942-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады.

Елге оралған майдангер Шалқар аудандық комсомол, партия ұйымдарында еңбек етеді. 1956 жылы Мәскеу қаласындағы КПСС Жоғары партия мектебін үздік бітірген оны Өзбекстан Республикасы Сурхандария облысына жібереді. Облыстың комсомол комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалады. Осында өзбек тілін үйренуге тура келеді. 1960 жылы Шымкентке қоныс аударып, 1960-1963 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, ауылшаруашылық бөлімі басшысының орынбасары лауазымында еңбек етеді.

1963 жылы Сарыағаш аудандық аумақтық басқарма бастығы, 1965 жылдың қаңтарында жаңадан құрылған Шардара аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалады.

Т.Тумашевтың тұсында Шардара ауданы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарқынды дамыды десек қателеспейміз. Шардара СЭС-ның жұмысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Жаңадан «Коммуна» жеміс-жидек совхозы, «Восход», «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы күріш кеңшарлары бой көтеріп, отан қоймасына тонналап күріш құя бастады. Мал шаруашылығымен айналысатын «Көксу», «Шардара» кеңшарлары төл алудан рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді.

Білікті басшы КПСС Орталық Комитетінің XXIII съезіне делегат болып қатысқан облыстағы жалғыз райком хатшысы. Осы кезеңде СССР Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайлануы іскер басшыға деген ел құрметі деп білеміз.

**«Шардара ауданының Құрметті азаматы» Т.Ағманов Шардара ауданының бірінші хатшысы Т.Тумашев жайлы пікір білдірді:**

*«Т.Тумашевты Шардараның жас буын өкілдері білмеуі мүмкін. Себебі ол жайлы жазылып та айтылып та жүрген жоқ. Кімнің саясаты екенін қайдам, Шардара ауданы 1969 жылы құрылған деп кітаптар шығарылды, той да тойланды. Аудан тарихын білетін азаматтардан сұраған да жоқ. Ол былай тұрсын Шардара қаласындағы «Шардара тарихы» жазылған тақтада Шардара ауданы емес Келес ауданының құрылуы жайлы Қаулы жазылды. Шардара Келес ауданына қарады дейтіндер де бар. 1964 жылы Шардара ауданы құрылды. 1969 жылы Келес ауданы Шардара ауданынан бөлініп Шардара ауданының орталығы Абайдан Шардара қаласына көшірілді.*

*1965-1969 жылдар аралығында Шардара ауданын Т.Тумашев басқарды. Соғысқа қатысқан, іскер, өте қарапайым азамат болатын. Шардараға келсе құрылысты, шаруашылықты аралап, шопандардың жай-күйімен танысатын, шопандардың үйіне қона жататын кездері көп болды.*

*Шаруашылыққа қатысты шешімін таппай жатқан мәселелерді сөзбұйдаға салмай, мерзімінде шешетін. Мен 1966 жылы партияға қабылдандым. Бірінші хатшы Т.Тумашев менің ісіме сәттілік тілеп, билетті қолыма ұстатты.*

*Шардара ауданын ұйымдастырып, оның өсіп-өркендеу негізін қалаған тұңғыш хатшы Т.Тумашевты ұмыту кешірілмес күнә деп ойлаймын».*

Мұрағаттардан құжат іздестіріп жүріп, ауданымыздың бірінші хатшысы Т.Тумашевтың баяндамасын кездестірдім. Онда Шардараның болашағы туралы былай депті:

*– «Өткен жылды «Шардара» су қоймасының құрылысшылары да табысты аяқтады. Ондаған мың шаршы метр жерге бетон құйылды. 100 мың киловаттық күші бар 4 агрегаттың екеуі іске қосылды. Енді 50 мың киловатт электр қуаты халыққа қызмет ете бастады. Ол Ташкент электр қуаты жүйесіне қосылған. Сұлу Сыр өзінің жемісін 1965 жылдың өзінде еселеп берді. «Восход» күріш совхозы 500 гектардан астам жерді айналымға келтірді. 256 гектар жерге күріш екті. Бұл күріштен мемлекеттік жоспарды орындап қана қоймай тұқым үшін 30 мың пұт салыны қоймаға құйды. 9 мың пұт дән жұмысшылардың еңбегіне берілді. Совхоздың болашағы зор. Мұнда жаңа жылда 3 мың гектардай жерді егіс айналымына қосу жоспарланып отыр. Мұның өзі өткен жылға қарағанда күріш егісі 15 есе артады деген сөз. Совхоз биылғы жылы 400 гектар жоңышқа, 100 гектар картоп, бау-бақша егуді де белгіледі.*

*Сұлу Сырдың бізге берері көп. Ол ен даланы сыңсыған егін-жай, баубақша, шалқыған шабындық, кең өріс құтты қонысқа айналдырмақ. Шардара су қоймасы суға толғанда Қызылқұм өңірінде де 220 мың гектар жер сумен қамтамасыз етіледі. Сөйтіп, Шардара су қоймасында таяу жылдарда 22 жаңа совхоз құрылып, ел қоныстанады, монша, клуб, мәдениет орындары көптеп салынады. Зәулім биік ағаштар бой көтеріп саялы, сәнді өңірге айналады. Бірнеше заводтар салынып, халыққа қызмет етеді. Шардара теңізінде балық өсіріліп, консервілеу заводтары салынады. Қазірдің өзінде 6 вагон жас балық әкелініп суға жіберілді.*

*Міне, өмір бақи су көрмеген құм өңірінде өмір, тіршілік қызып, құтты мекен орнығуда. Бір кездерде жерұйық іздеген Асанқайғының «екі Келес, бір Талас, әттең атымның саурына сыймайсың, өңгеріп кетер едім» — деп қимай, армандап кеткен шалқар өңірі — Келес пен Сыр бойы өзінің шын мәніндегі мүмкіндігін аша түсуде».*

*1969 жылы Келес ауданы құрылып, Шардарадан бөлініп шығады. Жаңадан құрылған Келес ауданына басшы болып Шардара ауданын басқарған Т.Тумашев сайланды. 1970 жылы «Главриссовхозстрой» тресіне директор болып қызмет ауыстырып, 1983 жылы құрметті еңбек демалысына шығады.*

**Шыңғыс Сейдуалиев, Шардара ауылының тұрғыны, зейнеткер.**

*Мен Шардараның ежелгі тұрғыны ретінде Шардараның жай-күйіне қанықпын. Шардараға кейін келушілер Шардараның тарихын қолдан жасап той өткізіп жатты. Кейбір көнекөз қариялардың пікіріне құлақ та аспады.*

*«Қазаншының еркі бар» дегендей заман болды ғой. Талай жыл Шардара кеңшарында жүргізуші, құдықшы болып еңбек еттім. 1964 жылы Шардара ауданы құрылып, Т.Тумашев секретарь болды. Ол кісі шаруашылықты аралап, Шардара кеңшарына келетін. Есімде, 1967 жылы аға шопан Қақан Жүнісовтің үйінде көрдім. Орта бойлы адам екен. Қасындағылармен бірге сол үйден тамақтанып, қонып шықты. Қарапайым басшыны ел құрметтеп, жақсы көретін. Шардарада Т.Тумашевтың атына ауыл округі немесе көше атауын берсе артық болмас еді деп ойлаймын».*

Отан алдындағы еңбегі жоғары бағаланған ол «Еңбек Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы советінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталады. Жұбайы Қалампыр Қаназқызы екеуі 8 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Үлкені Тұрғынбике бұл күнде зейнеткер, Сәулесі мен Бақытбергені ертерек қайтыс болыпты. Бақытжаны – әскери ұшқыш, полковник әскери атағы бар, Ресейде тұрады. Айгүлі Шымкентте зейнеткер, Дилярамы – мұғалім, Бахтияр – инженер. Кенжесі Қайрат – кәсіпкер.

Мемлекет және қоғам қайраткері, үлгілі басшы, шебер ұйымдастырушы Т.Тумашев көп жылдар Шымкент қаласында тұрып, 1990 жылы өмірден озды.

**Есенбай БЕЙСЕНБИЕВ,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

DÚNIE-KERÝEN



# Қазақ өнерінің Абыз Анасы өмірден өтті

103 жасқа қараған шағында көрнекті театр және кино актрисасы, саңлақ сахнагер, Қазақстанның Халық артисі, «Парасат», «Құрмет белгісі», «Ұлы Отан соғысының ардагері» ордендерінің иегері АЙША АБДУЛЛИНА өмірден өтті», – деп хабарлады Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының директоры, Қазақстан Театрлар ассоциациясының вице-президенті Асхат Маемиров.

Көрнекті сахна шебері А.Абдуллина 1916 жылы Алматы қаласында дүниеге келген Айша апа, 1935 жылы Қазақ мемлекеттік драма театры жанындағы 2 жылдық студияны аяқтайды. Қазақ өнерінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында шығармашылық еңбек жолын бастайды. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен мәдениетінің он күндігінде Жамбылдай жыр алыбы, Күләш Бәйсейітова, Қ.Жандарбековтердің жанында бірге өнер көрсетеді. Декада қорытындысы бойынша И.В.Сталиннің қолынан «Еңбек Қызыл Ту» орденін алады. Қазақ театр өнерінің тарихында Айша апа тұңғыш рет Дездомана бейнесін сомдады. Кейін Шымкент қаласына қоныс аударып Ж.Шанин атындағы академиялық театрында 65 жыл бойы үзіліссіз актриса болып қызмет етті. Орындаушылық диапазоны кең актриса ұлттық драматургия бен әлемдік классиканың жауһарларында бір-біріне ұқсамайтын 100-ден аса сахналық бейнелерді сомдап, әйелдер бейнесінің толыққанды галереясын жасады. Солардың ішіндегі Айша Абдуллина апамыздың өнердегі бойтұмары – Еңлік, Қыз Жібек, Дездемона бейнелері еді. Өнер әлемінде қол жеткізген жетістіктері мен ерен еңбегі, шығармашылық жолы жас буын үшін жарқын үлгі бола білген Айша Абдулиннаның бір ғасырлық мерейтойы – Астанамызда, Алматы мен Шымкент қалаларында салтанатты жағдайда атап өтіліп, Айша апа халқына ақ батасын беріп, ән мен жырдан шашу шашты. Ұзақ жылғы өнер мен мәдениет саласына сіңірген еңбегі үшін ҚР Тұңғыш Президенті Елбасының Мемлекеттік стипендиясына ие болды. «Оңтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы» атағына ие болды. Қазақ театр өнерінің тарихында ең ұзақ жасаған актриса Айша апамыздың ақ батасын алған бүгінгі жас өнерпаздар шынымен де бақытты. Айша Абдуллинаның ұрпағына, туматуысқандары, әріптестеріне қайғырып көңіл айтамыз. Айша апамыздың өнердегі адалдық пен тазалықты ту еткен жарқын бейнесі, адами келбеті – жүрегімізде сақталады. Иманың жолдас болғай, АЙША АПА!

**Әділғазы КЕРЕЕВ**
*qazaquni.kz*

# ПОЧЕМУ МНОГИЕ РУССКОЯЗЫЧНЫЕ КАЗАХИ ПРОТИВ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ

**Первое заседание Национального совета вызвало большой интерес и надежду страны. Здесь были освещены многие общественно-политические, социальные вопросы, о которых говорили ранее на дискуссионных площадках. В частности, предложение поэта Қазыбек Иса убрать 2-ой пункт 7-ой статьи Конституции РК («в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык») – главную причину, почему казахский язык до сих пор не может получить истинную свободу, было действительно сенсационным событием, тронувшим лед.**





То, что это сокровенное желание миллионов людей прозвучало с трибуны Национального совета общественного доверия, на первом его заседании, где председательствовал президент Касым-Жомарт Токаев, – символично.

Это долгожданное заявление, ставшее историческим событием, как его точно подметил член Национального совета Ауыт Мухибек, миллионы людей встретили со слезами на глазах. Но среди этих миллионов нашлись и такие, кому оно оказалось совсем не по душе.

Сначала «вспыхнул» член Нацсовета, политолог Данияр Ашимбаев: «**Довольно опасное, на мой взляд, предложение прозвучало из уст Казыбека ИСЫ о необходимости дальнейшего развития государственного языка...** Прежде всего отменить норму закона о языках, согласно которой в стране установлен список профессий, для которых знание госязыка является обязательным. То есть он предложил сделать так, чтобы знание госязыка было обязательным для любой профессии. В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране. Кроме того, он предложил разработать новый закон о госязыке и создать отдельное агентство по государственному языку».

На вопрос корреспондента «А были ли на заседании какие-то неадекватные или смешные предложения?» Ашимбаев ответил: «Казыбек Иса большую часть своего выступления посвятил юбилею Золотой Орды и формату участия в нем Казахстана. Он также поднимал вопросы увековечивания памяти хана Джучи (Жошы), говорил об очередной реформе латиницы. И, судя по лицам других членов его рабочей группы, думаю, что с ними он эти моменты выступления не согласовывал».

**«В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране». Излюбленный прием бывших колонизаторов – сначала создать среду, где им вольготно и комфортабельно, потом заявлять: «надо исходить из фактически создавшегося положения».** А то, что это «фактическое двуязычие» сегодня искусственно поддерживается русскоязычным руководством республики, об этом ашимбаевы говорить не любят. Потому что это и их среда, без нее они, как рыба, выброшенная волной на берег.

И поэтому Ашимбаеву и им подобным как раз нужны русскоязычные руководители, они им как отец родной. А те в свою очередь нуждаются в их услугах, и вот они находят друг друга в «сумерках», нахваливают друг друга, как в басне Крылова. И именно поэтому они чуть что пугают и будут нас пугать **«обострением межнациональной ситуации в стране»**.

30 лет они, как заезженная пластинка, только этим и занимаются, что никому уже не страшно. А провоцируют ситуацию именно они, только кричат как воры, и тем самим выдают себя. Это уже давно всем известная прописная истина, народ даже не обращает на их слова никакого внимания, не реагирует на их призывы, не поддается их провокациям.

Тогда почему же ашимбаевы не перестают писать? А больше они ничего не умеют! Кому они нужны? России? Европе? Америке? Там другие законы. В той же России все, повторяем – все, даже гастарбайтеры, по закону обязаны знать русский язык и русскую историю и сдают экзамены, чтобы устроиться на работу. Но ашимбаевым недолго осталось мутить воду, где им легче ловить рыбу. Идет естественный процесс, им не остановить его. Как говорим мы, «рада бы заря еще часок поспать, да солнце ей это не позволяет».

А еще один член Нацсовета Арман Шураев иронизирует над Қазыбек Иса на малоизвестном сайте «Kz.media»: «Вот, например, Казбек Иса, известный



казахский журналист, член Политсовета партии «Ак Жол», всячески пытался позиционировать себя радетелем казахского языка, а на самом деле 90% его речи было посвящено тому, какие надежды он связывает с приходом Токаева, какой тот мудрый, дальновидный».

Ах, какая точность и какая смелость! Человек смело идет на явную ложь при всем честном народе.

Все знают, что Қазыбек Иса является истинным борцом за казахский язык. Его выступление на заседании Национального совета распространилось в интернете, многие ознакомились с ним и были очень довольны. Здесь Қазыбек Иса поддержал следующие предложения президента К.-Ж.Токаева: казахский язык должен быть языком межнационального общения, в Улытау нужно пропагандировать Алтын Орду и Джучи хана, иностранные языки нужно преподавать после начальных классов. То есть не 90% своего времени посвятил он персоне Токаева, как говорил Шураев, а только в двух-трех местах.

А почему выступление по национальным вопросам, защищающее национальные интересы, не понравилось членам Национального совета Ашимбаеву и Шураеву? Не только Қазыбек, но и многие казахи поднимают эти же проблемы?!

С господином Ашимбаевым все ясно. Что ждать от человека, написавшего в 2011 году сразу после известных событий о том, что «...на площадь в г. Жанаозен вышел не народ». Мы тогда писали и сейчас готовы повторить: если на площадь вышел не народ, то и Д.Ашимбаев – не человек...

А Арман Шураев... Видный, успешный. Видимо, дело в том, что слова Армана Шураева о себе: «Меня называют националистом, прежде всего, из-за моего внешнего вида» являются на самом деле верными. Ведь Арман мырза в пору руководителем КТК яростно защищал корреспондента телеканала Шахматова, появившегося в телепере-



даче «Наша правда» с георгиевской лентой, символом захватнической политики царской Российской империи, на нагрудном кармане пиджака, вплоть до того, что позволял себе оскорблять аксакалов на страницах «Фейсбука». Комментариев людей, разочаровавшихся в нем, было тогда немало.

И вот опять прокол. Теперь в связи со статусом казахского языка. Не зря казахи говорят: «Аңқау елге арамза молда». Но все время скрывать свою сущность не удавалось еще никому. Рано или поздно все всем становится ясно – кто есть кто. Что и произошло с господином Шураевым.

Что касается «интернационалиста» Б.Копбаева, комментировать отдельно его «опусы» – слишком большая честь для такого человека. Но как явление отметим, что обрусевшие наши сородичи, это не манкурты, они – мутанты. **Если манкурты как беспамятные существа действуют только по команде, то мутанты – сознательно. Они считают зазорным, позорным для себя быть казахом, стыдятся своего прошлого, своей национальности, они ненавидят все казахское, всеми силами, правдами и неправдами стараются поскорее оторваться от своих корней. Они прекрасно видят, что, следуя общечеловеческому принципу – презирать перебежчиков, никто «на том берегу» не спешит принять их в свои ряды, и все равно лезут.**

А ведь любой нормальный человек должен любить свою национальность, поскольку он родился казахом, русским, евреем, эскимосом, папуасом, зулусом... (Кстати, как раз евреи очень любят свою национальность и нацию, прямо-таки боготворят ее, и нам очень многому следует научиться в части истинно национального настроя у них!) И делать все, чтобы достойно представлять ее повсюду, ибо мы нацию, как и своих родителей, не выбираем. Для нас этот выбор сделал Всевышний, и мы можем Его за это только благодарить. Точнее, обязаны. Мы же любим своих родителей, ни на кого их не променяем, какими бы они ни были, потому что они – наши родители. Точно также и с нацией.

Но мутанты на то и мутанты, что для них нет ничего святого. Даже животные на такой шаг никогда не идут – жеребец никогда не покроет свою мать, а мутанты... Для них родная речь, показахски «материнская речь», – пустой звук. Например, один из них – Ербол Жумагулов в свое время на страницах русскоязычной прессы додумался опубликовать откровенно антиказахскую статейку под названием «Хана тілі»...

Откуда берутся мутанты? Оттуда же – из нашего прошлого.

Самая лучшая часть нашего народа в годы советской власти, в годы сознательной, усиленной, последовательной и жестокой русификации была уничтожена. «Гены» на казахском звучит как «тек» и, как многие казахские слова, это слово тоже имеет несколько значений, в данном случае – два. Первое – просто гены, а второе – благородные гены. Вот они-то, благородные, и были почти поголовно истреблены. И сегодня те, кто их имеет, возвращаются к своим истокам. Если даже кто-то из них еще не владеет казахским языком, они все равно выступают с истинно казахских позиций. Зов благородных предков делает свое дело.

А мутанты тоже делают свое, только – черное дело, раз за разом, чтобы Казахстан снова и как можно скорее стал русскоязычным. Вот уже 28 лет они отдают своих детей и внуков в русские школы. Хотя кто им мешает отдавать своих детей в казахские школы, ведь все в их руках?! Поднимать качество образования казахских школ до уровня мировых стандартов? Нет, ради привычной, всего лишь привычной, а потому удобной и комфортабельной для них жизни они готовы жертвовать всем. Вплоть до того, чтобы в мирное время целая нация, славная нация, древняя нация ушла в историю.

В этом ряду с ними плечом к плечу идет еженедельник «Время», называющий, точнее, обзывающий нашу с вами Родину не иначе как «страна легкого поведения» и считающий это верхом остроумия. От него не отстает и еженедельник «Central Asia Monitor», не устающий угрожать казахским национализмом уже который год, где бесподобный Женис Байхожа, давно и много пишущий о состоянии казахского языка, но никогда так и не написавший о самом главном – как сделать казахский язык таким же жизненно необходимым, каким был русский язык в свое время. Не потому что не знает, а потому что очень даже хорошо знает. Полагаю, он прекрасно понимает, что все корни бед казахского языка именно в них, в русскоязычных казахах, а не в русских. Но что взять с человека, который отрицает все казахское, и, ничуть не смущаясь, заявляет: «А был ли геноцид?» Не глумление ли это над самым святым для целого народа? Наш ответ-статью «А человек ли Женис Байхожа?» он оставил без внимания...

Но ход времени повернуть вспять никому не удастся. И мы будем делать с Божьей помощью все возможное и невозможное, чтобы построить свое национальное государство, а там и гражданское, когда настанет его очередь, как настала она когда-то для развитых европейских стран – по лекалам цивилизации. Создание Национального совета общественного доверия – один из шагов в этом направлении.

**Но что в нем делают господа Ашимбаев и Шураев?!..**

**Өмірзақ АҚЖІГІТ,**
**независимый журналист**
**gu-gu.kz**

№48 (866), 2 jeltoqsan, 2019 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ДЖУЧИ-ХАН – ЖЕРТВА ПАРАДИГМЫ ПОСТСОВЕТСКОЙ ИСТОРИИ


Фото: предоставлено ИМЭП

**Историю Казахстана нужно освобождать от схем, которые были навязаны еще в прошлом веке. Жаксылык Сабитов из Института мировой экономики и политики считает, что необходимы новые подходы. Об этом рассказывает 365info.kz.**


Жаксылык Сабитов

В своем послании Касым-Жомарт Токаев отметил Джучи как одну из символических фигур в истории Казахстана. А также указал на тот факт, что его мавзолей и весь комплекс Улытау может стать крупным туристическим центром международного значения.

К сожалению, в наших учебниках истории до сих пор доминирует постсоветская парадигма. Та, в которой история XIII-XV веков, вплоть до появления Казахского ханства, воспринимается как «темные века». Мол, был «упадок городской жизни», «вызванный вторжением монголов», которое прервало процесс «складывания единого этноса на территории Казахстана».

Научные исследования последних десяти лет показывают, что та история, которая нам известна со школьной скамьи, во многом ненаучна и содержит много ненаучных конструктов. Их цель – снижение символического капитала истории Казахстана за счет "дефрагментации", а также «очень сложного языка повествования», который на корню может убить интерес к истории в силу своего канцеляризма.

Джучи – одна из главных фигур, чья роль в истории Казахстана может быть пересмотрена. Ниже мы постараемся указать наиболее значимые факты о его жизни.

### ТАЙНА РОЖДЕНИЯ

Родился Джучи примерно в 1182 году. С его появлением на свет связано много ученых споров. По «Сокровенному сказанию монголов» (автор Гирмау (Курмаги)), Джучи не был родным сыном Чингисхана. Его отцом был меркит, который взял в плен жену Чингисхана по имени Борте.

Монголы считали меркитов врагами и воевали с ними долгое время. Впоследствии остатки меркитов бежали к кыпчакам, которые не выдали беженцев монголам. Собственно из-за этого и начались кыпчакско-монгольские войны.

Являлся ли Джучи родным сыном Чингисхана или нет, с большей долей вероятности мы не узнаем никогда.

### ТЕРРИТОРИЯ ВЛАСТИ

Чингисхан дважды назначал Джучи правителем отдельных улусов. В 1206 году, после образования Монгольской империи, Джучи получил в управление 9 000 семей и владения на севере и западе.

В 1207 году он расширил владения за счет завоевания «лесных народов». В это время его ставка располагалась на реке Иртыш и называлась Кок-орда.

В 1225 году, согласно источнику «Алтан тобчи» и каноническому оксфордскому изданию «Золотая орда в мировой истории», Чингисхан выделил в управление Джучи земли Дешт-и-Кыпчака.



Их границы описаны следующим образом:

«...на востоке от Каялыка (возле Талдыкоргана) до Саксина (около современной Астрахани) на западе. И от Хорезма на юге (территории Туркменистана и Узбекистана) и до Булгара на севере (современный Татарстан)...»

То есть владения Джучи охватывали всю территорию современного Казахстана.

На основании этой даты (1225 год) уже поступили предложения отметить 800-летие восшествия Джучи на престол Дешт-и-Кыпчака в 2025 году.

### ПОЛИТИКА

Политика Джучи отличалась от политики Чингисхана. Так, индийский автор Джузджани писал следующее:

«Когда Джучи, старший сын Чингисхана, увидел воздух и воду Кипчакской земли, и нашел, что во всем мире не может быть земли приятнее этой, воздуха лучше этого, воды слаще этой, лугов и пастбищ обширнее этих, в ум его стало проникать желание восстать против своего отца.

Он сказал своим приближенным: «Чингисхан сошел с ума, что губит столько народа и разрушает столько царств».

Далее, согласно летописи, Джучи принял решение сблизиться с султаном Мухаммедом. Он хотел сделать это государство цветущим и оказать помощь мусульманам.

Из сыновей Джучи мусульманами «по воспитанию» были Берке, Беркечар и Бора. Это его дети от Хан-султан, дочери Хорезмшаха. В них текла кровь кыпчакских и монгольских ханов, а также огузских Хорезмшахов.

Как писала Хан-султан своему брату, ее дети с самого детства изучали ислам и читали Коран. Удивительный факт, что один из первых мамлюкских султанов Куттуз был двоюродным братом Берке, Беркечару и Боре по материнской линии.

Также интересно, что одного из своих сыновей Джучи назвал Мухаммедом. Это странно, учитывая, что его мать не была мусульманкой и относилась к роду кунграт. Мухаммед был единоутробным братом Бату.

Основываясь на этом факте и сообщении Джузджани, отдельные ученые считают, что Джучи довольно сильно симпатизировал исламу. Поэтому ислам был доминирующей религией среди большинства его «немонгольских» подданных.

### КАК УМЕР ДЖУЧИ

Смерть Джучи также овеяна тайнами. По одной из версий он был убит Чингисханом за попытку переворота. Джузджани писал следующее:

«Проведал о таком замысле брат его Чагатай. Известил он отца об этом изменническом плане и намерении брата. Узнав, Чингисхан послал доверенных лиц своих отравить и убить Джучи».

Однако в казахском фольклоре бытует другая версия. Связана она с легендой о появлении домбры и древнейшего кюя.

Согласно ей, Джучи охотился и преследовал куланов. В какой-то момент вожак стада по прозвищу Аксак-кулан развернулся и бросился на хана. Джучи упал с коня, повредил шею и умер.

Чингисхан, почуяв что-то неладное, издал указ: тому, кто принесет дурную весть о сыне, в глотку зальют расплавленный свинец. Приближенные не решались объявить ему правду. Тогда во дворец пришел сказитель-жырау по имени Китбука (из рода найман) и заиграл на музыкальном инструменте.

Он играл кюй, который до сих пор известен под названием «Аксак-кулан». Слушая печальную мелодию, Чингисхан все понял. Но поскольку именно инструмент поведал ему о смерти сына, хан принял решение наказать его, а не жырау. Ведь сказитель Китбука не произнес ни слова. В инструмент залили свинец, и на его плоской стороне появилось отверстие. Так домбра обрела свой нынешний вид.



### УЛУС ДЖУЧИ

В истории Казахстана нет других упоминаний, которые бы имели под собой основу, связанную с появлением домбры – казахского национального музыкального инструмента. Таким образом, и кюй «Аксак-кулан» говорит, что имя Джучи до сих пор живет в народной памяти.

Впервые кюй о Джучи-хане был записан в 20 веке. Однако первые упоминания о нем и этой легенде восходят к 14 веку. Так, в сочинении «Шаджарат Ал-Атрак» («Родословная тюрков») Китбука зовут Улуг Джирчи (великий исполнитель жыров музыкальных произведений).

Стоит отметить, что, несмотря на запрет изучения истории Золотой орды в советское время, аниматоры в Казахской ССР смогли его обойти. Они экранизировали легенду и кюй. В 1968 году на экраны вышел мультфильм «Аксак-кулан» производства «Казахфильм».

По легенде и источникам, Джучи умер в регионе Улытау. В Улытауском районе Карагандинской области (в 50 км к северо-востоку от Жезказгана) стоит его мавзолей.

В заключение стоит отметить, что, несмотря на кратковременный период правления Джучи в Дешт-и-Кыпчаке, его символическая роль в новой «национальной истории» велика. Это отмечено как в казахском фольклоре, так и в средневековых источниках.

Государство Джучи позже называли Улуг Улус или Улус Джучи. Хотя в учебниках оно известно под названием Золотая орда.

Казахское и Крымское ханства были последними наследниками улуса Джучи. Они максимально долго сохраняли традиции государственности, заложенные еще в 13 веке.

Казахское ханство просуществовало до 1847 года. Если вести исторический отсчет от Джучи до Кенесары, перед нашими глазами предстанет история непрерывной государственной традиции протяженностью более 600 лет. Подобным государством-долгожителем в истории Тюркского мира была только Османская империя.

*365info.kz*

**Ұлмекен Лесбекова 1995 жылы, 4 тамызда Түркістан облысы, Шардара қаласында дүниеге келген. Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетінің түлегі. Ы. Жақаевтың 125 жылдығына орай өткен мүшәйраның Бас жүлдегері, «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай өткен бірнеше мүшәйралардың Жүлдегері. Ұлмекеннің «Арман аралы» атты шығармашылық кеші Қыздар Педагогоикалық Университетінде 5 желтоқсан күні өтпек. Ақын қыздың жүрекжарды жырларын оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдік.**



# Арман аралы



### БИКТІК

*Жаңылмайтын жарық күнде пенде жоқ,*
*Тек тәубеге қайта алса болғаны.*
*Кесел тисе, әумесерлеу, елде жоқ,*
*Бәрін, түге, қайта бастау... Ол – ЗАҢы!*

*Биктікке әу бастан-ақ құмармыз,*
*Жорғалап та, жорта шауып, өрмелеп.*
*Бәлкім, біздер биік болған шығармыз,*
*АДАМ ата заманында, ертелеп...*

*Сыр көрсетпей ұланындай текті елдің,*
*Биік-биік белестерден от алған.*
*Жүрегіне үстем желік жеткен күн –*
*Шығара бер оны БИІК қатардан!*

*Тау басында жалғыз өмір сүрген кім?*
*Қол созушы ед... Бір адамға бір адам.*
*Жүрегіне тәкаппарлық кірген күн –*
*Дей бер оны БИІГІНЕН құлаған!*

*Кеудем соқтық кеудесіне мінген күн,*
*Абыл менен Қабылдарда шықты егес.*
*Жүрегіне мақтаншақтық сіңген күн –*
*Азаматың, ашық айтам, МЫҚТЫ емес!*

*Жерге ұрынбай адам, сірә, жүрген бе,*
*Жаратса да тумысынан биік қып.*
*Сені бәрі көтере алмай жүргенде,*
*Сен кімдерді көтересің, БИКТІК?!*

### ТУҒАН ЖЕР ТАҢЫ

*Туған жер – таңың сенің арай, неткен,*
*Жаһанды жаны сұлу, арайлы еткен.*
*Таң алды көп жұлдызды ұзаттырып,*
*Күн аймалап төбемнен қарайды еппен.*

*Туған жер – топырағың бесік па екен,*
*Бесік болса, мәңгілік бесікте өтем.*
*Бауырыңда тулаған құлыншағың,*
*Әлдиіңді аңсайды, бесік-мекен!*

*Тұнық тынған әсемпаз көл бетіндей,*
*Менің бала кезімнің келбетіндей.*
*Асыр салған достармен анау қырат,*
*Өз алдына домалақ жер бетіндей.*

*Тіршіліктен алмайтын озбай тыным,*
*Зор әдеті салтынан тозбайтұғын.*
*Қызыл айдар, қомағай, асау әтеш,*
*Таң іліне көмекей қозғайтұғын.*

*Алқа-қотан сонан соң жамырасып,*
*Қозы-лағы қалатын маңырасып...*
*Апыр-топыр ақыры тынштын-ды...*
*Малшы өткен соң, маңайдан ауыл асып.*

*Жез самауыр қайнатса шешем барып,*
*(Толқынымен жылжыма көшер арық...)*
*Әкем малдас құратын бағзыларша,*
*Бәйбішесі толтырған кесені алып.*

*Күн еңкейіп, сәскеге өткенінде,*
*Анам тандыр жаппа нан еткенінде.*
*Мүләйімсіп сұр жантақ жанушы еді,*
*Қолға кірген шоқшиып көктемінде.*

*Көруші ек кей адамды ала дорба,*
*Көбіне жарапазан салады онда.*
*Гүрілдеп бір «запарож» өте шықса,*
*Будақтап шаң қалады қара жолда.*

*Қас қарая «қасқабас» үретін-ді,*
*Екеу-екеу көшеде жүретін-ді.*
*Қаз қатарлап қонғанда күркесіне,*
*Балапаны соңынан кіретін-ді.*

*Бойында бар ағамның қуат батпан,*
*Қас қарая келетін суат жақтан.*
*Бірде-екілі жұлдыз да көрінетін,*
*Аспан жақта ақшылтым шуақ таққан.*

*Қазақы күй есетін маң – осы жай,*
*Ауылдың, міне, қалқам, заңы осылай.*
*Қырқадан қимай-қимай күні батып,*
*Ататын туған жердің таңы осылай!*

### БАБА БӘЙІТ

***(Әнет баба бейітіне тағзым)***

***Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,***
***Түріктер бұл екеуін дария дейтін.***
***Киелі - сол екі су жағасына,***
***Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!***

*(М.Жұмабаев)*

*Түркістан!*
*Ғалым Ахмет өткен мекен,*
*Бабынан кіл ғалымдар өткен екен.*
*Хикметі тауфық еткен дәруіштей,*
*Ташкент, Фараб, Йассы жеткен екен.*

*Кергіген күтімі асау тұлпардайын,*
*Бақшасын бағаналап, құсрау шайын.*
*Хат ілдіріп көгершін аттандырған,*
*Патшалардың патшасы Зұлқарнайын!*

*Бестілерін безбендеп сайландырған,*
*Шам ілдіріп шаһарын сайран қылған.*
*Ақсақ Темір бір кездер Тұранға кеп,*
*Тай-тұяғын толағай жайландырған.*

*Ел қонса екі жұма жырға жатық,*
*(Қондырсаң бағанаңды қырманға тік),*
*Ару сұлу ай астын нұрландырған,*
*Саудегер хор-хор тартқан думандатып.*

*Көкжал хан Кенесары мүрдесіне,*
*Кім кепіл қиық ұрпақ жүрмесіне?..*
*Жә, дерсің!.. Ер Түріктің тарландары*
*Талатпас кәрі зындан бүргесіне.*

*Бәйітті келем іздеп дөңсектерден,*
*Әнеу ме екен, әулием, дөңсекте өлген.*

*Арқа жақтан ақ құйын ілескендей,*
*Қараяды көкжалдар дөңсек мерген.*

*Түркі көрген Атилла ұрпағындай,*
*Отыз елі... отауын құрғанындай.*
*Қасқырлар мекеніндей қодарланған...*
*Екі әлемнің ішінде тұрғанымды-ай!*

*– Жазым бастым, жаңылдым, кәрі баба!*
*(Алдыңдағы шайырың әлі бала).*
*Арда баба жолына бастайтұғын*
*Соқпақтарды көрсетші, әлі жаңа.*

*Дархандық дарығандай далама бек,*
*Төбеңді әулиеге балаған ек.*
*Пендесін пәруәрдігәр шет қалдырмас,*
*Қол жаям, медетің бер,*
*Баба, Әнет!*

*Шайбани заманындай...*
*Дала шәйіт,*
*Қаптаған ер, алдымда дара – Шәих.*
*Тұраннан бір соқпақты тапқандаймын,*
*Алдымнан мұнартты, әне, Баба – бәйіт!*

***

*Заманнан заман өткеріп, Ғасыр оңдарын*
*Көрінде күтіп жатқан-ды асыл оғланым.*
*Шыңғыстық ұрпақ Ордасы, Хан патшалығы –*
*Сарайшық жатыр жасырып тасын-жондарын.*

*Сарайшық қала – Жошының ұрпағы өнген,*
*Ұланы көркем Орданың, құланы өрген.*
*Бақшалы Алтын Хандықты, алайда, дүбір*
*Дәуірлер таптап, қазандық мұраны көмген.*

*Көп ханнан ерек хан өтті, ол – дара Жәнібек.*
*Дау шатқан талай елдерге ара Жәнібек.*
*Қастандық көріп сарайда кебінін киген,*
*Өсірген ұлдан жүрегі жара Жәнібек.*

*Жадағау жазған құпия қыр оғыз көне,*
*Ендеше, осы, Жәнібек – сыр, ... сол, құз дене.*
*Қырында киік жайлаған патшалық көрген*
*Күрсінді сонда Асандық қыл қобыз неге?*

*Күрсінген болар хабарлап келешек жақтан,*
*Хандармен бірге осында ер дөңсек жатқан,*
*Алтын Ордалық Жәнібек моласын мұнда*
*Кіші Жәнібек патша деп ел кешпек мақтан.*

*Ұрпағын кешер осы күн моланың кері,*
*Айғақ еткісі келгені қару қаламым сені.*
*Ақтық сапарға аттанған Алтын Ордада*
*Он жетінші хан Жәнібек, ұлы даланың Ері.*

*Тарқатсақ терең тарихты тұрғанда мәні кеп,*
*Қазақ Хандығын құрған Хан – кіші Жәнібек.*
*Алыптан асқан Хандықтың иесі жатқан жер –*
*Қаратау аймақ. Даланың шүбәсіз заңы бек.*

*Жәнібек төре задынан текті арыс-ты,*
*Ақыл күшімен арыстандармен алысты.*
*Шайбани шахпен қас өткен, бірақ, ғұмырлар*
*Жерленіп бірге қара жер асты табысты.*

*Аттанған сапар ақтыққа ерлерден бөтен,*
*Төресін табар ұрпаққа сенген де мекен?*
*Беймәлім себеп, кіші Хан Сарайшық емес,*
*Қаратау беттеп, Созаққа жерленген екен.*

*Көрінде разы болса деп қазақтың жаны,*
*Жол түсті, бабам, атқанда Азаттық таңы.*
*Көк күмбез де көрінбейді алдан... Жә, жетер,*
*Топырағың торқа болсын, Қазақтың Ханы!*

*I.*

*Әр таң сайын қуалап арайды арай,*
*Алшаң басып, адымын абайламай,*
*Керуен көшіп барады, керуен көшіп,*
*Жұртта қалған жасауын қарай-қарай.*

*Әр күн сайын жетелеп нешеме ой,*
*(Тағдыр жазған тақтасы – пешене ғой).*
*Түсетіні сарсаңға саумал жұқпас,*
*Сары майдың суындай меселе ғой.*

*Біреу басып адымын арсын-гүрсін,*
*Біреу озып одан да қарқын жүрсін.*
*Бәрі өтеді жалғаннан, бәрі өтеді,*
*Алтын тақта алты күн жарқын күлсін.*

*Адам болып амалын еткенінше,*
*Айналаға бақытын сепкенінше,*
*Өмір деген, әрісі, ұзақтығы –*
*Жерге құлап жапырақ жеткенінше.*

*II*

*Ғасырға серт.*
*Адамдардың бәрі зиянда.*
*Тек тәубе етіп, сабыр еткендерден басқа.*
*(Ғасыр сүресі, 1-3)*
*Тамсанумен, таңырқаумен,*
*Таңдарыма әр атқан.*
*Бір белгіні сезінемін*
*Жанға шуақ таратқан.*
*Әрбір күнім басталғандай*
*Жаңа, таза парақтан.*
*Жаралғандай ала қанат,*
*бұл ӨМІР –*
*сұю деген талаптан.*
*Мерейімді үстем еткен,*
*Біреу тартса балақтан.*
*Биік-биік үстемдеткен,*
*Қызыл-жасыл алаптан.*
*Қол созатын қысылғанда*
*Мен күтпеген тараптан.*
*Несібімді арқалатып,*
*Мына өмірге жолдаған –*
*Сені сүйем,*
*Жаратқан!*

### АРМАН АРАЛЫ

*Теңіз. Арман аралы.*
*Ол әлемдердің шетінде.*
*Ауасы қалқып барады,*
*Бұйда бұлттардың бетінде.*

*Иінін салған тауларға*
*Созылтып көсе мойынын.*
*Тербелген толқын таңдарда*
*Ән салар әсем, ойы мұң.*

*Теңіздің түбі қазандық:*
*жанды да жансыз кіл көсең.*
*Алабы алып бұл елде,*
*Табиғат, өзі – Күн-көсем.*

*Бәрі, бәрін... тәрк етіп,*
*Кең тыныстап, сәл күліп.*
*Су еліне сүңги сап,*
*Кетсем ба екен мәңгілік?*

# ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТІРЕГІ

**Қандай қоғамдық жүйеде болса да ұрпақ тәрбиесі ең маңызды рөл атқарады. Бұл туралы данышпан бабамыз Әл-Фараби «тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы екенін айтып кеткені белгілі. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты.**



Елімізде тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу-білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беруге баса мән беріліп отыр. Мемлекеттің алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі – рухани тәрбие. Республикамызда жас ұрпақты жастайынан мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, адамгершілік секілді құнды қасиеттерді бойына сіңіре білу, сондай-ақ салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу, рухани бай адам баласын қалыптастыру қажет. Бұл туралы Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мәні мен мазмұны терең мақаласында ұлттық рухани болмысымыздан ажырамау, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен өнеріміз, әдебиетіміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс екендігін айттып өтті. Әрбір жас ұрпақ өзінің ана-тілімен, салт-дәстүрімен, әдеп-ғұрпымен, туған тарихымен терең тамырланғанда ғана өзінің болмысын сақтап қала алады. Ата-баба дәстүріне құрмет көрсету, жай ғана құрмет көрсетіп қоймай оны өмірлік салтында берік ұстану, бабалар алдындағы ұлы аманатты сақтап өне бойына сіңіру, оны келер ұрпақтарға жеткізу кез келген азаматтың парызы болуға тиіс. Сондықтан оларға дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, отансүйгіштікке тәрбиелеу басты назарда болуы керек.

Жоғары адамгершілікті қалыптастыруда әсіресе жасөспірімдер мен студенттерге рухани тәрбие беру өте бағалы әрі пәрменді қозғаушы күш бола алады. Руханият – адамзаттың ішкі жан дүниесінің баға жетпес көрсеткіші. Руханият негізінде адамның мінезі, ар-ұяты, сана-сезімі мен қарым-қатынасы, жалпы айтсақ адамгершілік қасиеттері дамиды. Бұл өз тарапынан мейірімділік пен игі әрекеттерге баулиды. Рухани-адамгершілік тәрбиесі – бұл жеке тұлғаның рухани және мәдени тұрғыда қалыптасқан өзін-өзі ұстау мәнері мен қоғамдағы мәдени қарым-қатынас көрінісі. Болашақ жастарымыздың адамгершілік пен рухани тәрбие алудың тағы бір әсер ету факторлары, олардың қай ортада өсіп-жетілуіне байланысты. Ежелден-ақ, дана халқымыз жора-жодас жайлы былай деген екен: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа». Осылайша ата-бабамыз адамгершілікті рухани тәрбие алудың арқауы ретінде жас ұрпақты мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өлеңдер мен айтыс арқылы жаман мен жақсыны айыра білуге үйреткен. Рухани-адамгершілік тәрбие беру екі жақты құбылыс. Бір жағынан – бұл үлкендердің, яғни ата-ана мен құзырлы органдардың жас ұрпақты рухани және адамгершілік негізде тәрбиелеу жолындағы белсенді қызметі болса, екінші жағынан – бұл жастардың сол тәрбиеге деген көз-қарастары, іс-әрекеттері мен сана-сезімінің қалыптасуы, бір сөзбен айтқанда ұстанымы мен белсенділігі. Ұлттық бірегейлікті сақтау - ұлттық сананың кемелденуі. Яғни, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Алайда, басты мақсат – ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, тіліміз бен музыкамыздың, әдебиетіміздің, жоралғыларымыздың, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгі қалуына тәрбиелеу.

Қазақ қыздар мемлекеттік университетінде бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді. «Қазақ халқының шығу тегіндегі антропологиялық және этникалық ерекшеліктер» атты қазақ халқының шығу тегін айқындау мақсатында студенттерге тарихи лекциялар мен «Мәдени мұра-асыл қазынам» атты іс-шаралар барлық факультеттерде өткізіліп келеді. Мемлекеттік тілді және этносаясатты түсіндіру, Қазақстан халқы Ассамблеясының, дәстүрлі дін және құқық қорғау органдары өкілдерін шақыру арқылы келісім және әртүрлі ұлттардың мәдениеті мен дәстүрлеріне деген құрмет, студенттер арасында этникааралық шиеленістерге жол бермеу, ұлтаралық келісімді нығайту және діни экстремизмнің алдын-алу бойынша түрлі шаралар мен «Қазақ жастары неге басқа дінге кетіп жатыр?» тақырыбында студенттер арасында пікірсайыс өткізілді.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта тіл мәселесі күн тәртібінен түсіп көрген емес. Жастарды ана тілін толық игеруіне мүмкіндіктер жеткілікті. Тек соған оларды бағыттай білу қажет. Осы орайда «Тіл бірлігі – ел бірлігі» атты тақырыпта тіл апталығын өткізу дәстүрге айналды.

Университетте бірыңғай қздар оқығандықтан бұл факторды да ұмытуға болмайды. Бүгінгі қыздар ертеңгі аналар. Келешек ұрпақты тәрбиелеу де солардың маңызды міндеті екені белгілі. Сондықтан бұл мәселеге оқу орнында ерекше мән беріледі. «Қыз болашақ – Ана» тақырыбы аясында түрлі диспуттар ұйымдастырылып, оған психолог, дәргер және басқа да мамандар шақырылып жан-жақты әңгімелер қозғалады.

Бүгінгі күні салауатты өмір салтын орнықтыру да өте маңызды. Жастар арасындағы ішімдікпен әуестеніп, нашақорлыққа салынып жатқандар әлі де аз емес. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға және жағымсыз қылықтарға жол бермеуге бағытталған іс-шаралардың барысында жастар ұйымдарын тарту арқылы оқу орындарының студенттері арасында есірткі, ішімдік және темекі шегудің алдын алу жөніндегі семинарлар өткізіп, «Нашақорлық ғасыр індеті», «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында топ тәлімгерлері мен студенттер арасында арнайы жұмыстар жүргізіледі.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлық мәселесі елімізде ушығып тұр. Бүгінгі студенттер ертеңгі мамандар болғандықтан осы бағытта бүгіннің өзінде тиянақты жұмыстар жүргізуіміз керек. Бұл ертеңгі күні жемқорлықтың жолын жабуға арналған тиімді әдіс. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты факультет студенттерінің арасында сауалнама алынып, «Парасыз сессия», «Операция, сессия!», «Таза сессия!» және т.б. акциялар ұйымдастырылады.

Осы аталған іс-шаралар университет студенттерінің болашақта адал, білікті, рухани кемелденген маман болып шығуына игі әсерін тигізері сөзсіз.

**Р. БАЛТИЕВА,**
**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы**

# АШУЫҢДЫ АҚЫЛҒА ЖЕҢДІР!

Адамның қандай яки кім екенін білу үшін, оны ашуландыру керек дейді білетіндер. Яғни, кикілжің мен ұрыс-керісте адамның шынайы келбеті ашылмақшы.

Сонда, ашу деген не? Оған ыза, кейіс, реніш, араздық деген жалпы анықтамаларды тіркеп жатады. Алайда, бұлардың дерлігін көңілдің күйі, құбылыстары, нәтижелі көріністері деп білеміз. Сайып келгенде, ашу – адамның оқыс мінезі, ішкі рухын билейтін қатер, ақылдан адастыратын дұшпан, тұла бойдағы қасиеттің қасіреті!

Алла Тағала ақылды үш тайпаны жаратыпты. Олар – адам, періште, шайтан. Періште тек жақсылықты, шайтан тек жамандықты ғана ойлайды. Ал, адамда осы екеуі де яғни жақсылық та, жамандық та бар. Пендесіне келгенде ұлы Алла-Тағала шебердің шебері, көркем Жаратушы. Ойлап қарасаң, адамзат рухын жазира далаға, жүрегін жарқыраған күнге, бойын жайқалған талға ұқсатқан. Ойын мезгілді жапыраққа, санасын жазға, ақылын тауға, құнды қасиеттерін бір-біріне ұқсаттырмай әсем бір дара табиғат етіп жаратқан. Ал, ашу осы байлықтарды дүр сілкіндіретін құбылыс. Күшіне мінсе, адамның күнін тұтылдырып, талын қуратады, жапырағын сарғайтып, жазын күз етеді. Тауын құлатып, табиғатын жайпайды, даласын құлазытады. Құтты бір адам ішіне жасырынған қару, тіпті алмас қылыш десем болады. Оның қайралынған өткір жүзі рухты сындырып, жүректі қатайтуы мүмкін. Ойды өзгертіп, сананы есіркетуі, ақылды өшіруі мүлдем мүмкін. Мәселен, қара жер сілкінісі ұйқыдан бас көтермейтін маубасты, ерінуден жалықпайтын жалқауды зыр жүгіртеді. Ол кезеңде адамнан қорықпайтындар Алладан қорқып, зәре құттары қалмай, иманын бір сәтке иіреді. Алайда, аяғының асты неліктен сілкіндіні немесе ол Алланың ашуы мен қаһары екендігін білмейді де, ешбір ойламайды, көңіл бөлмейді де. Ашу да осы тәріздес, бойдағы барлық ағзаларды оқыс бір мезетте сілкіп тастайды. Ондайда ми шатысады, жүрек дірілдейді, тамыр солқылдайды, қол аяқ қалшылдайды, дене қысымы көтеріледі. Ақылдан береке кетеді, ой желінеді, ұйқы қашады. Тәбет жоғалады, жүйке ауруы өмірлік кеселге айналады, ағза тез қартаяды. Бұл аздай, айналаға сүйкімсіз, ұсқынсыз, парықсыз, шыдамсыз, ұрысқақ, жек көрінішті кейіпте көрінеді. Ал, енді ойлана берейік, ашудың адамзатқа берері бар ма, керегі бар ма?

Бір сахаба Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздан ақыл - кеңес сұрап, алдына келгенде «Лә тәғдәб» яғни «Ашуланба!» дегенді үш рет айтып қайырған. Алла Тағала Құран Кәрімінде «Кәзиминаль ғойз» деп ашуын жұтқандарды ұлықтаған. Себебі, дүниедегі қақтығыстың баршасы осы ашудан бастау алады. Алайда, ашуды қай жерде қолданып яки одан қайтқан дұрыс. Десек те, оның мұсылманға қажет орны, дін мен ар - ұятқа қатысты болғанда. Нәпсісі емес, Алла үшін ашуға берілу бар. Алайда, өз мәселесінде мұсылман кешірімді болғаны жөн.

Бірде Бәни Махзум руынан бір абыройлы әйелдің ұрлығы әшкереленіп, қолға түсіп, ұсталынады. Жазасы қол кесу. Сонда пайғамбарға (с.ғ.с) бір адам келіп ортаға түседі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бұған қатты ашуланғанда, ашуы жүзінен көрінеді. Себебі, бұл Алланың заңын тоқтату еді.

– Аллаға ант! Егер Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық істегенде, сөзсіз қолын кесер едім, – дегені бар. Ал, ибн Масғұд сахабаның біраз қаражаты ұрланғанда:

– Егер, ол осы дүниеге мұқтаж болса, онда сол қаражат оған береке әкелсін, бұйырсын. Ал, егер ұрлығы нәпсі, үйреншікті әдеті үшін болса, онда осы соңғысы болсын, қойсын, – деген дұғада болған. Мінекей, ашуын Алла жолына төсеп, оны ақылға жыққан деген осындай болады. Біздер болсақ, қарнымыз ашса да, шахуатымыз толық қанбаса да, жатып ашуланамыз. Әбу Ханифаның (р.ғ) ұстазы ибн Мұбарактан «Жақсы мінезді толықтай бір ауыз сөзге сыйғызып жинақтап бер» дегенінде, «Ашуды тастау ең жоғарғы мінез!» депті.

Ашу үстінде ер мен әйелдің ренішінде қандай мәміле көрудің жолы дінімізде көрсетілген. Бибі Фатима (р.ғ) анамыздың күйеуімен реніш сөзге келгенде, ашуын тарқату үшін, Әлидің (р.ғ) үйден шығып, мешітке кетіп қалғаны бар. Бұл жағдайдан хабардар болған пайғамбарымыз (с.ғ.с) күйеу баласына келгенде, жанжалдың себебін сұрамайды. Керісінше, «Әбу Тураб» деп еркелетеді. «Ақыл айтайын, тыңда» демейді, «Ашуды кетіретін бір ғана сөзді білем!» деп көркем түрде «Әғүзүні» үйретеді. Бұл жердегі нәзік мәселе, ер мен әйел арасында түсінбеушілік орын алғанда, ерінің үйден шығып кетуі. Өйткені, әйелін соққылауына ашу еріне жағдай жасайды. Мұндайда ері үйінен шыққандағы барар жері де арақ шарап орны емес, мешіт болғаны, әйелдің үйінде қалғаны абзалырақ. Себебі, кей әйелдер құрбылары мен ата анасына қарай жүгіреді. Олар жұбатып, ашуларын басудың орнына, одан сайын дем беріп, қайрай түседі. Бұл қате қадам!

Бірде Ибраһим (ғ.с) пайғамбардың үйіне құдайы қонақ болып отқа сиынушы (мәжуси) келеді. Қонағы төрдегі жанып тұрған отты көріп, оған иіліп сәжде жасайды. Оның бұл қылығына ашуланған Ибраһим (ғ.с) үйінен оны қуып жібереді. Сонда Жаратқан Алла ашулы пайғамбарына:

– Сенің жат қылықты адамға осынша ашуланғаныңда, соншама кәпірді жаратқан Мен ашулансам не болар еді? – деген екен.

Ашуды не қайырады, сабырлық па, салқын су ма? Негізінде, дәрет алудың, оның ішінде салқын сумен дәреттенудің адамзатқа берер маңызы өте зор. Себебі, тазалық, серпіліс, басылу, салқындау деген белгілерді бойдан байқауға болады. Одан басқа, хадисте ашуланған адам тұрып тұрса отырсын, отырса жатсын делінген. Яғни әрекеттену, сыртқа шығу, серуендеу, жүру, қимылдау. Тағы бір ұсыныс, оймен асығыс шешім қабылдамау, жауап беруді кейінге қалдыру, көңілді басқа жаққа аудару. Дегенмен, кез келген мұсылман әлемдердің Раббысы Алла Тағаланы, Оның Елшісі Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарды, өмірден өткен ата-бабасын, келешек ақыретін есіне алса, ашудың орнына ақыл келеді, ақылына ақыл қосылатыны шүбәсіз хақ.

**Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ,**
**дінтанушы, имам**

# Құттықтаймыз!





## Жұлдыздарың жарқырасын мәңгілік!

***Қадірлі Нұрлан мен Қынаш және құрметті құдалар!***
***Алақандарыңа салған аққуларың, атына сай Арайлым қыздың Ақ отау құрғаны құтты болсын!***
***Арайлым мен Әнуардың көтерген шаңырақтары биік, босағалары берік, керегелері кең болсын! Алар асулары Алатаудай биік, шаттықтары Шардарадай шалқар болсын! Егеменді еліміздің Мерекелі де, Берекелі отбасы болсын! Алла жар болып, жолдарың ашық бола бергей!***

*Бақыт жайлы айтылатын ән дайын.*
*Арайлым қыз, ашылсын ақ маңдайың!*
*Ата-ананың аялаған мәпелеп,*
*Ақ үмітін ақтай білгін әрдайым!*

*Ақ тілектер ақ қанатын жаяды.*
*Алашыңның аруы бол аялы.*
*Аналардың шашып елге шуағын,*
*Бабалардың салтын ұста саялы.*

*Ел сендерге үмітпенен қарайды,*
*Қуандыра бер екеуің талайды.*
*Арайлым қыз, атыңды бос қоймаған-*
*Әр күндерің бола берсін Арайлы!*

*Арман тауға аттандыңдар ат мініп,*
*Алдарыңнан шықсын күліп сәттілік!*
*Тәтті болсын, өмірлерің әрдайым*
*Дастарханға жайылған соң тәттілік!*

*Шаңырақты көтеріңдер сәнді ғып,*
*Әлдилерің жүрсін ішін ән ғылып.*
*Ақ отауға Ақ жол біздер тілейміз,*
*Жұлдыздарың жарқырасын мәңгілік!*

***Ақ тілекпен, нағашылар атынан,***
***Қазыбек – Жәннат***

## Ақ отауға Ақ жол біздер тілейміз!

***Есімі елімізге белгілі азамат, «Ақ жол» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасы, кәсіпкер, полковник Әлімхан Досыбайұлы мен Майра Тәжімаханқызына ұлдары Тұранның шаңыраққа аққудай Балжәннат келінді түсіргеніне қуана құтты болсын айтамыз. Тұран баламыз атына сай тұлғалы ер болып, Балжәннат келін екеуі құрған Ақ отауларына Алла жар болып, шаңырақтары биік, босағалары берік, керегелері кең болсын! Тәуелсіз Қазақстандағы Мерекелі де, Берекелі отбасы болсын!***

*Бақыт құсы қонса баққа – саяға,*
*Қуанбайды қандай әке, қай ана?!*
*Тұран десе, атыңа сай ер болып,*
*Балжәннаттай аққуыңды аяла!*

*Азаттығын сүйіп Ұлы даланың,*
*Ұлтың үшін арналсын тек бар әнің.*
*Аталарың Алашқа еңбек еткендей,*
*Қазақ атын шығара бер қарағым!*

*Тұран деген елді ақындар жырлады,*
*Ер болады тұтас Тұран ұлдары.*
*Лайық боп әкең қойған атыңа,*
*Азаматқа айналыңдар тұлғалы*

*Арман тауға аттандыңдар ат мініп,*
*Алдарыңнан шықсын күліп сәттілік!*
*Тәтті болсын, өмірлерің әрдайым*
*Дастарханға жайылған соң тәттілік!*

*Шаңырақты көтеріңдер сәнді ғып,*
*Әлдилерің жүрсін ішін ән ғылып.*
*Ақ отауға Ақ жол біздер тілейміз,*
*Жұлдыздарың жарқырасын мәңгілік!*

***«Қазақ үні» газеті мен Ақжолдықтар атынан***
***Ақ тілекпен, Қазыбек Иса***

■ ÓNER

# Режиссер Әділхан Ержанов азиялық «Оскарға» ие болды

**Қазақстандық режиссер Әділхан Ержанов «Үздік режиссер» номинациясы бойынша «Қап-қара адам» фильмі үшін Asia Pacific Screen Awards премиясына ие болды. Бұл Аустралиядағы Брисбен қаласында өткен премияның жабылу салтанатында белгілі болды.**



Әділхан Ержанов аталған премияның «Үздік режиссер» номинациясын иеленген тұңғыш қазақстандық режиссер атанып отыр. «Asia Pacific Screen Awards» (APSA) – кино саласындағы ең ірі әлемдік сыйлықтардың бірі және ЮНЕСКО және ФИАПФ (халықаралық кинопродюсерлер қауымдастығы Федерациясы) қолдауымен өткізіледі. Көбіне оны азиялық «Оскар» деп атайды.

Ержановпен қатар филиппиндік Лав Диас, қытайлық Ван Сяошуай, палестиндік Элиа Сулейман және таиландтық Аноча Сувичакорнпонг сынға түсті.

Номинацияны тағайындау үшін APSA сыйлығының ұйымдастырушылары жыл сайын әлемнің 70 елінен қатысатын туындыларды қарайды. Бұған дейін 2014 жылы Әділхан Ержановтың «Үкілі Камшат» фильмі «Үздік операторлық жұмыс» және «Үздік фильм» номинациясында жеңімпаз атанды, сондай-ақ «Әлемнің ерке енжарлығы» фильмі 2018 жылы «Үздік фильм» және «Үздік сценарий» номинацияларын жеңді.

«Қап-қара адам» фильмінің әлемдік тұсаукесері биыл 23 қыркүйек күні 67-ші Сан-Себастьян Халықаралық кинофестивалінің негізгі конкурстық бағдарламасында өтті. Фильм қазақстандық прокатқа 2020 жылы шығады.

«Қап-қара адам» ауылда өлтірілген баланың тарихын баяндайды. Оны өлтірген Пукуар (Теоман Хос) есімді қылмыскерді жергілікті полиция тауып қойған. Тергеуші Бекзат (актер Данияр Алшинов) істі тез арада жылы жауып қойғысы келеді. Қаладан келген журналист Ариана (Динара Бақтыбаева) бұл іске араласқанда ғана шындық қылмыстық іс жанданады. Енді тергеушіге осы істі өмірінде бірінші рет барлық ережеге сай жүргізуіне тура келеді...

*massaget.kz*

**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары –**
**Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ**
**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**
**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген